



ҚАЗАҚ-ФИН ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

2

Almaty AQSHAMY



12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №96 (6658) 31 қазан, жұма, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЖЕТЕКШІ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒЫТ

Қазақстан экономикасы 6,3%-ға өсті

Үкімет Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа Жолдауындағы тапсырмалары аясында тұрақты өсімді қамтамасыз етуге, кәсіпкерлікті қолдауға, сондай-ақ инвестициялық тартымдылықты арттыруға бағытталған экономиканы дамыту жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асыруда.

2025 жылдың тоғыз айында ел экономикасының өсуі 6,3%-ды құрады. Бүгінде көлік, құрылыс, сауда және өнеркәсіп салалары экономиканың қозғаушы күшіне айналып отыр.

МАКРОЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ

Биылғы тоғыз айдың қорытындысы бойынша ел экономикасының өсуі 6,3%-ға жетті, бұл жыл басындағы көрсеткіштен 2,3 пайыздық тармаққа жоғары. Өсу қарқыны қаңтардан қыркүйекке дейін жеделдеді: қаңтарда – 3,8%, қаңтар-ақпанда – 5,4%, қаңтар-наурызда – 5,6%, қаңтар-сәуірде – 6%, қаңтар-мамырда – 6%, қаңтар-маусымда – 6,3%, қаңтар-шілдеде – 6,3% және қаңтар-тамызда 6,5% болды.

6



АЛМАТЫДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРТІП КҮШЕЙДІ

Қала басшысы тұрғындар өтінішіне жедел жауап беруді тапсырды

Алматы қаласы әкімдігінде қала басшысы Дархан Сатыбалдының төрағалығымен «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасының жүзеге асыру барысын тақырып еткен жиын өтті. Дархан Сатыбалды санитарлық тазалық пен экологиялық мәдениетті дамыту қаланың басты басымдықтарының бірі екенін атады. Оның айтуынша, бұл бағыттағы жұмыс жүйелі түрде жүргізілуге тиіс. Әкім әсіресе, тұрғындардың бастамасын, жастар қозғалыстарын қолдау мен экологиялық белсенділікті кеңінен насихаттаудың маңызына тоқталды.

18–25 қазан аралығында Алматының барлық сегіз ауданында сенбілік өтті. Барлығы 8 мыңнан астам адам және 561 арнайы техника жұмылдырылып, 9 мың текше метрден аса қоқыс шығарылды. Сонымен қатар, 2,5 мыңнан астам ағаш – үйеңкі, қарағай, шегіршін мен қараған көшеттері егілді. Осы аптада «Аюсай» визит-орталығы аумағында прокуратура және ұлттық парк өкілдері сенбілік өткізеді. «Жасыл аула» жобасының күзгі кезеңінде көпқабатты үйлердің тұрғындарына 528 көшет – 409 ағаш пен 119 бұта таратылды. «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының маусымдық жұмысы қорытындыла-



нып, Алматы штабы республика бойынша үздік деп танылды. Ең белсенді 20 мүшесіне сыйлықтар берілді. Сондай-ақ, қалада өткен Plastic Hunt акциясы барысында 25 келі пластик қалдық жиналды. Келесі іс-шара қараша айының соңында өтеді.

Алматы қаласының әкімі қала тазалығын бақылауға алу мен тұрғындардың өтінішіне жедел жауап беруді тапсырды. Сондай-ақ, алматылықтарды қала тазалығын сақтауға және қоғамдық орындардың санитарлық жағдайына ұқыптылықпен қарауға шақырды.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



www.aqshamnews.kz



ҚАЗАҚ-ФИН ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

бизнес жүргізудің орнықты тәсілдерін ілгерілетеді



(Дереккөз: akorda.kz)

«ЕКІ ЕЛДІҢ АРАСЫНДА ШЕШІМІН ТАППАҒАН МӘСЕЛЕ ЖОҚ»

Александр Стубб 2024 жылғы президент сайлауында жеңіске жеткен еді. Бұл оның Финляндия президенті ретінде Қазақстанға алғашқы ресми сапары. Астанаға келген мейманды Мемлекет басшысы күтіп алды. Кейін шағын құрамда келіссөз өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев Финляндия президентінің Қазақстанға ресми сапары екіжақты ынтымақтастықты дамытуға тың серпін беретінін атап өтті. Сондай-ақ, екі ел арасында шешімін таппаған мәселе жоқ екенін мәлімдеді. Бұл өзара сенімнің жоғары екенін көрсетеді. Дегенмен, Мемлекет басшысы инвестиция және сауда салаларында әріптестікті бұдан да жоғары деңгейде дамыту керек екеніне тоқталды. Себебі, Финляндияның таза энергетика, технология, цифрлық инновация, экологиялық жауапкершілік, басқару, білім беру және адам капиталы бағыттарындағы жоғары стандарттары әлемдік деңгейде мойындалған.

Өз кезегінде Александр Стубб Қазақстанға үшінші рет келіп тұрғанын айтты. Бұған дейін 2008 жылы елімізге Финляндия Сыртқы істер министрі ретінде келген. Ол өз сөзінде Қазақстан мен Финляндия қатынасын екі бағытта дамытуды ұсынды. Бірінші бағыт – өзара қарым-қатынас пен іскерлік байланыс. Яғни саяси және сауда-экономикалық әріптестікті дамытуға мүдделі. Осыған орай Қазақстанға 20-дан астам ірі фин компаниясының өкілдері келді. Ал екінші бағыт сыртқы саясат пен қорғаныс. Бұл бағытта екі елдің ұстанымдары ұқсас. Бейбітшілікті сақтау, қақтығыстарды дипломатиялық жолмен шешу сынды ортақ ұстанымдарға ие.

Бұдан кейін президенттер кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Онда Қасым-

Жомарт Тоқаев Үкіметаралық комиссия екі ел арасындағы сауда-экономикалық байланысты дамытуға оң әсер ететінін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев фин бизнесмендерін Орталық Азияның нарығына шығу үшін Қазақстанда шетел инвесторларына жасалатын қолайлы жағдайды пайдалануға шақырды.

КЕЛІСІМНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Финляндия президентінің елімізге ресми сапары аясында 15 құжатқа қол қойылды. Олардың арасында:

- Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі мен Финляндия Республикасының Радиациялық және ядролық қауіпсіздік басқармасы (STUK) арасындағы ядролық энергияны бейбіт мақсаттарға пайдалану бағытындағы ынтымақтастық бойынша өзара түсіністік туралы меморандум;

- Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігі мен Финляндия Республикасының Ауыл және орман шаруашылығы министрлігі арасындағы су ресурстарын басқару мәселелері бойынша өзара түсіністік туралы меморандум;

- Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі, Фин су форумы (Finnish Water Forum) және Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті арасындағы су ресурстарын

цифрландыру және басқару бағытындағы зерттеушілік және білім беру әлеуетін қалыптастыру жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум;

- «Бұрабай» курортында туризмді дамыту жөніндегі ынтымақтастық туралы меморандум;

- Қазақстанда экологиялық ауылды дамыту жобасы жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум;

- «Теңіз жасағы» АҚ мен «Lamora Corporation Plc» компаниясы арасындағы мұнайдың апаттық төгілуін жою және теңіз операцияларын қолдау саласындағы ынтымақтастық туралы меморандум секілді басқа да келісімдер бар.

СЕРІКТЕСТІК ЖАҢА СЕРПІН АЛДЫ

Келіссөз қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев пен Александр Стубб Бірлескен мәлімдеме қабылдады. Онда тараптардың ортақ ұстанымдары мен келіссөз барысында айтылған бастамалары көрініс тапты. Оның ішінде мынадай маңызды бағыттарды атап өтуге болады:

- Президенттер шағын және орта кәсіпорындарды қолдауға ерекше мән бере отырып, экономика, сауда және инвестиция саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуге және бизнес жүргізудің орнықты тәсілдерін ілгерілетуге уағдаласты. Атап өтер болсақ,

энергетика, энергия тиімділігі, экологиялық технологиялар, су ресурстарын және орман шаруашылығын басқару, құрылыс, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, инфрақұрылым, көлік және логистика, инженерия және озық өнеркәсіп инновациялары сияқты негізгі салалардағы ынтымақтастықты нығайтуға ниет білдірді. Бұл сауда-экономикалық байланысты нығайтпақ;

- Бітімгершілік саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға, оның ішінде Қазақстанның Қорғаныс министрлігінің Бітімгершілік операциялар орталығы (KAZCENT) мен Финляндия Қорғаныс күштерінің Халықаралық орталығы (FINCENT) арасындағы өзара іс-қимылды жалғастыру арқылы нығайтуға уағдаласты. Қазақстан соңғы жылдары бітімгершілік саласын дамытып жатыр. Ал Финляндияның бұл салада тәжірибесі мол. БҰҰ деңгейінде бітімгершілікпен айналысады;

- Көші-қон саласында ынтымақтастықты дамыту мен визалық режимді жеңілдетуге күш салмақ. Қазақстанның азаматтары Финляндияға білім алу, туристік мақсатта барады. Визалық режимді жеңілдету ел азаматтарына түрлі жеңілдік ұсынады. Тек Қазақстан ғана емес, Финляндия азаматтары да елімізге туристік мақсатта келуіне жағдай жасалуы мүмкін;

- Финляндия Қазақстанның Алматыда Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық Азия мен Ауғанстанға арналған орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталығын құру жөніндегі бастамасын қолдаған мемлекеттердің бірі. Сондықтан Ауғанстан мәселесінде ары қарай да аймақ елдеріне қолдау білдірмек.

Қорыта айтар болсақ, дипломатиялық байланыстың орнағанына 33 жыл толғанда екі ел арасындағы байланысқа жаңа серпін берілді. Финляндия президентінің елімізге ресми сапары қазақ-фин қарым-қатынасты жоғары деңгейге көтерері анық. Алдағы уақытта Қазақстан Президенті Финляндияға сапармен баруы мүмкін. Осы арқылы тараптардың ынтымақтастық ауқымы барған сайын кеңейе түседі деп болжауға болады.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

«КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІ»

№222 жалпы білім беретін мектеп өз жұмысын бастады

Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде «Келешек мектептері» ұлттық жобасы сәтті жүзеге асып келеді. 24 қазан қаламызда тағы бір жаңа мектеп ашылып, 2000 оқушыны оқу орнымен қамтығалы отыр. Бұл – Алатау ауданының «Әйгерім-1» ықшамауданында №222 жалпы білім беретін мектеп.



Рая
ЕСКЕНДІР



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Жаңа мектеп қазақ өнерінің көрнекті өкілдерінің бірі Сағи Әшімовтің есімі берілген көше бойына орналасқан. Білім ордасының ашылу салтанатына Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков, Қазақстанның Еңбек Ері Аягүл Миразова және мектеп ұжымы мен аудан тұрғындары қатысты.

2024 жылдың қазан айында басталған мектеп құрылысы жоспарланған уақытта аяқталып, пайдалануға берілген.

Мемлекеттік тілде білім беретін оқу ордасы заманауи жиһаздармен, құрал-жабдықтармен және компьютерлермен толық жабдықталған.

№222 мектептің ішкі дизайны да «Адал азамат» бірыңғай ұлттық тәрбие бағдарламасы негізінде жасалған. Мектеп қабырғаларында ұлттық болмыс пен за-

манауи стиль үйлесім тапқан. 433 орынға арналған мәжіліс залы, сахна, көрермен залы, эстрада, екі артистік бөлме, құрал-жабдық бөлмесі және киім ілетін орын да қамтылған. Көркемөнер залы креслолармен, музыкалық аспаптармен, цифрлық пианино, экран және проектормен жабдықталған.

Жаңа мектептің өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес. Мәселен, мұндағы кітапхана құрамына 45 оқырмандық орынға арналған көпфункционалды оқу залы және 25 орынды медиатека, сондай-ақ, 20 000-нан астам кітап қорын сақтауға болатын орын қарастырылған. Оқушыларға ыңғайлы болу үшін оқу залы аймақтарға бөлініп, кітап беру кафедрасы, әр қабатта орналасқан оқу және бос уақытқа арналған коворкинг аймақтары да бар.

Ұлттық жоба аясында бой көтерген жаңа білім ордасының ерекшелігі бұнымен де шектелмейді. Кең әрі жарық етіп жасалған мектеп асханасы бір уақытта 400 оқушы мен 40 оқытушының тамақтануына мүмкіндік береді. Мектеп ішінде ұл балаларды өмірге бейімдеп, еңбекке баулу үшін «Үй мәдениеті» шеберханасы жұмыс істейтін болады. Онда ұл балалардың қызығушылығына лайықты барлық жұмыспен айналысуға мүмкіндік жасалған. Ал оқушы қыздарға арналған «Үй мәдениеті» кабинеті де заманауи жабдықтармен қамтылып, шеберлікке баулуға зор мүмкіндік береді. Оқушылардың қауіпсіздігіне ерекше назар аударылып, сорғыш жүйелер, қорғаныс экрандарына қоса жеке қорғаныс құралдары да толықтырылған.

Екінші тоқсаннан өз жұмысын бастағалы отырған жаңа мектеп білім саласына еселеп үлес қосары анық. Өйткені, мұнда оқушының білім алуы үшін барлық жағдай жасалған.



СЕРДЖИО ГОРДЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ САПАРЫ

Аймақтың жаһандық маңызы арта түсті

Қараша айының бас шенінде Орталық Азия мен АҚШ арасындағы C5+1 форматындағы саммит аймақ елдері үшін маңызды геосаяси мәнге ие. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев саммиттің өңірлік қауіпсіздік, экономикалық тұрақтылық және өзара сенім орнату жолындағы маңызын ерекше атап өтті. Президент бұл пікірін елімізге сапарлай келген АҚШ-тың Оңтүстік және Орталық Азия бойынша арнайы өкілі Серджио Гор мен Мемлекеттік хатшының бірінші орынбасары Кристофер Ландауды қабылдаған кезде ортаға салды.

Биыл Орталық Азия аймағында C5+1 форматында дипломатиялық диалог алаңының қалыптасқанына 10 жыл толып отыр. Саммит қарсаңында АҚШ өкілдерінің елімізге сапары екіжақты қарым-қатынастарды нығайтуға серпін берері сөзсіз. Саммиттің Орталық Азия елдерінің көпвекторлы дипломатия қағидаттарын нығайтып, Орталық Азия мемлекеттерінің жаһандық процестерге тең құқылы әрі жауапты қатысушы ретіндегі рөлін арттыратыны, қазірдің өзінде айқындала түскендей.

Күн тәртібіндегі аса маңызды минералдар, инвестициялық серіктестік, цифрлық даму және климаттық тұрақтылық мәселелері сынды салалар қойылып отыр. Мақаламызда Орталық Азиядағы АҚШ-тың ықпалы мен қараша айында өтетін C5+1 саммитінің маңызы туралы талдап көрелік.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – АҚШ САММИТІНІҢ МАҢЫЗЫ

C5+1 форматы алғаш рет 2015 жылы іске қосылған болатын, ол АҚШ пен Орталық Азия елдері арасындағы тұрақты саяси және экономикалық диалог алаңы ретінде қызметін атқарып келеді. Осы уақыттан бері бұл форматта жоғары деңгейлі біршама кездесулер өтті. Соңғы жылдары бұл кездесулердің мазмұны айтарлықтай кеңейді.

Мәселен, тек Сыртқы істер министрлері емес, үкімет, бизнес және инвестициялық ұйымдар деңгейінде де байланыс орнап жатыр. Сондықтан C5+1 форматының ерекшелігі – кешенді келіссөздер жүргізу мүмкіндігінде. Бір алаңда мемлекеттік органдар, ірі компаниялар және бизнес өкілдері өзара нақты жобаларды



(Дереккөз: Aqorda.kz).

талқылау мүмкіндігіне ие болады. Бұл айқындалған көлік-логистика, энергетика, жасанды интеллект, цифрландыру салаларындағы серіктестікті тереңдетудің тиімді құралы.

Сонымен қатар, биыл қыркүйекте Нью-Йоркте БҰҰ Бас Ассамблеясының 80 жылдығы аясында өткен Қазақстан–АҚШ бизнес кездесуі де осы бағыттағы маңызды қадам болды. Онда АҚШ-тың бірқатар жетекші компаниялары Қазақстан экономикасына зор қызығушылық танытты, соның ішінде Амазон, Мета, Ситигруп, т.б. әлемдік алпауыттар да бар. Сондықтан алда өтетін Вашингтондағы C5+1 саммитіне үлкен үміт артуға болар.

АЙМАҚТЫҢ МАҢЫЗЫ АРТА ТҮСТІ

2021 жылы Ауғанстан жерінен АҚШ әскерлері шығарылғаннан кейін, аймақта Американың ықпалы бәсеңдегені анық. Алайда, соңғы жылдары ресми Вашингтон Орталық Азия елдерін терроризм мен экстремизмге қарсы күреске «қалқан, буферлік аймақ» ретінде емес, сирек кездесетін табиғи металдар мен Еуразияны тұтастыратын логистикалық хаб ретінде қарап, бағытын өзгертуде.

Биылғы жылдың алғашқы тоғыз айында, Қытай мен Еуропа арасында құрлық жолы арқылы тасымалданатын тауар көлемі 39%-ға артып, жалпы Азия мен Еуропа арасындағы құрлық арқылы тасымалданатын тауардың 85%-ы еліміз арқылы өтті. Әлем бойынша дата орталықтар мен жасанды интеллектіге негіз-

делген жоғары технологиялық индустрияның қалыптасуы энергетика және сирек кездесетін металдарға деген сұранысты арттырып отыр. Сондықтан логистикалық әлеует пен сирек кездесетін табиғи металдарға сұраныстың артуы Орталық Азия мен Америка Құрама Штаттары байланысын қайта жақындатуда.

Ақ үйдің Оңтүстік және Орталық Азия елдері бойынша арнайы өкілінің өңіріміздегі сапары, талқыланған тақырыптар келесі апта жоспарланған саммиттің маңызы мен көтерілетін мәселелердің мән-жайын тіпті де айқындай түсті. Ақ Орда төрінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Серджио Гормен кездесу барысында Қазақстан – Америкамен сауда-экономикалық және инвестициялық серіктестікке тың серпін беруге мүдделі екендігін мәлемдеуі осының дәлелі.

Екіншіден, соңғы жылдары сарапшылар арасында жиі талқыланып, жаһандық БАҚ назарын ерекше аударған Қытай мен АҚШ арасындағы экономикалық мүдделер тоғысы. Д.Трамп жыл басында ресми қызметінен кіріскеннен бастап, алдымен Таяу Шығыстағы Америка мүддесін қайта бекітіп, Мысыр жерінде бейбітшілік келісім орнықтырса, ендігі назары Азияға ауып отыр. Апта басында Д.Трамп Малайзияда АСЕАН ұйымы елдері саммитіне қатысып, Жапония, Оңтүстік Корея елдеріне сапармен барды. Келесі апта Орталық Азия елдері басшыларымен арнайы саммитке қатысады. Бұл тұрғыда қос тарап геосаяси өзгерістер қарсаңында қа-

✓ КЕРЕК ДЕРЕК

- Инвестиция, сирек кездесетін металдар саласы C5+1 саммитінде ерекше маңызға ие болады;
- АҚШ-тан Қазақстанға тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы көлемі 1993 жылдан бері шамамен 61,2 млрд. доллардан асады;
- Соңғы бес жылда АҚШ – Қазақстан арасындағы өзара сауда көлемі екі есеге артып, 4,2 млрд. АҚШ долларына жетті;
- АҚШ пен Орталық Азия елдері арасында ма және Орталық Азия елдерінің C5+1 форматындағы кездесуі алғаш реті 2023 жылы қыркүйекте, Нью-Йорк қаласында өткен еді.

лыптасқан геосаяси күштер балансын қайта құруға мүдделі болып отыр. Орталық Азия елдері аймақта Американың экономикалық, инвестициялық әлеуетін арттыру арқылы сыртқы саяси байланысын әртараптандыруға маңыз береді.

Ал ресми Вашингтон үшін Орталық Азияда ықпалын арттыру Қытай мен Ресей сынды стратегиялық бәсекелестерімен өзара теңгерім жүйесін қалыптастыруға ден қояды. Былайша айтқанда, Вашингтонда өтетін C5+1 саммиті Орталық Азияның геосаяси өзгерістер қарсаңында АҚШ-тың өңірдегі саяси бағытын қайта қалыптастыратын маңызды қадам болмақ.

Қазақстан мен АҚШ арасындағы инвестициялық және сауда қатынастарының өсуі, сондай-ақ Серджио Гор бастаған дипломатиялық сапарлар – бұл пікірдің жарқын дәлелі. C5+1 саммиті Орталық Азия елдері үшін көпвекторлы саяси бағыттың келесі қадамын айқындап, аймақты жаһандық экономикалық тепе-теңдіктің маңызды ойыншысына айналдыруға бағытталғанының куәсі болып отырмыз.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.



АЛМАТЫ – ӨСІМ МЕН ӨНДІРІС ОРТАЛЫҒЫ

Алматы бүгінде Қазақстанның ең ірі экономикалық орталығы ретінде нақты сектордың дамуы мен инвестиция тарту бойынша көшбасшы өңірге айналып отыр. Қаланың экономикалық әлеуеті өндіріс, құрылыс, көлік, энергетика және қызмет көрсету салаларының тұрақты дамуына негізделген.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Нақты сектор – бұл елдің материалдық құндылықтар өндіретін салаларының жиынтығы. Оған өнеркәсіп, құрылыс, ауыл шаруашылығы, көлік және байланыс, сондай-ақ қызмет көрсету бағыттары кіреді. Дәл осы сектор экономиканың нақты өсімін, жұмыс орындарын және халықтың әл-ауқатын қамтамасыз етеді.

2025 жылдың қаңтар-қыркүйек айларының қорытындысы бойынша Алматының негізгі капиталына 1,5 трлн. теңге инвестиция тартылған, оның 1,1 трлн. теңгесі – жеке сектордың үлесінде. Бұл қала экономикасы-



Қолжазба жасаған Нұрболат ОРИСҰЛЫ.

на сенімнің жоғары екенін және бизнестің белсенділігін көрсетеді.

Бүгінде Алматыда жалпы құны 3,6 трлн. теңгеден асатын 189 инвестициялық жоба жүзеге асырылып жатыр. Олар өндіріс, ло-

гистика, туризм, тамақ және жеңіл өнеркәсіп сияқты бағыттарды қамтиды. Аталған жобалардың нәтижесінде 33 мың жаңа жұмыс орны ашылып, қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі серпін берілмек.

Шағын және орта бизнес нақты сектордың ажырамас бөлігі болып отыр. Алматыда бұл сала барлық жұмыс орындарының жартысына жуық үлесін иеленеді. Биыл кәсіпкерлікті қолдауға 50 млрд. теңгеден астам қаражат бөлінді – бұл республика бойынша ең жоғары көрсеткіш. Мұндай қолдау өндіріс пен инновацияға бағытталған жаңа бастамалардың пайда болуына жағдай жасап отыр.

Сонымен қатар, туризм саласы да нақты сектордың жаңа бағыты ретінде қарқынды дамып келеді. 2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында қалаға 1 миллионнан астам турист келген. Бұл көрсеткіш Алматының инфрақұрылымын, қызмет көрсету сапасын және қала экономикасын әртараптандырудағы маңызды қадам болып отыр.

Бүгінгі таңда Алматы нақты секторды дамыту арқылы елдің экономикалық тұрақтылығын нығайтып, инвестициялық климатты жақсартуға үлес қосуда. Қаланың стратегиялық басымдығы – өндіріс пен инновацияны ұштастырып, тұрақты жұмыс орындарын құру және тұрғындардың өмір сапасын арттыру. Сондықтан әлем таныған Алматының нақты секторы – елдің экономикалық өсімінің сенімді тірегі, жаңа мүмкіндіктер мен даму бағыттарының бастауы болып қала беретіні анық.



АЛМАТЫ АТМОСФЕРАСЫН ҚОРҒАУ

Сарапшылар жаңа ережелер жобасын қолдады

Алматыда атмосфералық ауаны қорғауға арналған жаңа экологиялық талаптар әзірленіп жатыр. «Атмосфералық ауаны қорғау саласында арнайы экологиялық талаптарды енгізу туралы» ережелер жобасы қаланың негізгі салалары үшін бірыңғай стандарттарды белгілейді.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Сарапшылардың айтуынша, құжат автокөлік, өнеркәсіп, құрылыс, қоғамдық тамақтану және жеке тұрғын секторларын қамтиды. Бұл бағыттар Алматыдағы ауаның ластануына ең көп үлес қосады.

Заң сарапшысы Ерлан Бұзұрбаев жоба зиянды шығарындыларды азайтуға және экологиялық технологияларға көшуге жол ашатынын атап өтті. Қазақстан экологиялық аудиторлар палатасының өкілі Райдін Қасымовтың дерегінше, қалада 12 жылдан асқан шамамен 80 мың көлік бар, олардың зиянды шығарындылары бір миллион жаңа автокөліктің әсерімен тең.

Сарапшылардың айтуынша, Алматы көшелерінде тәулігіне 800 мыңнан астам көлік жүретінін және олардың 15%-ы экологиялық нормаларға сай келмейтінін айтты. «Ренессанс плюс» дерегіне сәйкес, қаладағы ауа



ластануының 60%-ы автокөлікке тиесілі. Осыған байланысты автопаркты жаңарту негізгі бағыттардың бірі ретінде қарастырылып отыр.

Эколог Евгений Мұхамеджанов мұндай тәжірибелер Лондон, Бейжің және Дубайда тиімділігін дәлелдегенін атап өтті. Оның пікірінше, қоғамдық көлікті дамыту – жеке автокөлікті пайдалануды азайтып, ауаның сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Жаңа талаптар төмен шығарындылар аймақтарын құруды, мо-

бильді зертханалар мен «Таза қала» цифрлық платформасы арқылы экологиялық мониторинг жүйесін дамытуды қамтиды. Сарапшылар жобаның қабылдануы қыс мезгіліндегі түтін деңгейін төмендетіп, қала тұрғындарының денсаулығын жақсартуға мүмкіндік беретініне сенімді.

Айта кетейік, Алматы – атмосфералық ауаны қорғаудың кешенді жүйесін енгізіп жатқан Қазақстандағы алғашқы қала.

АЛМАТЫ ӘКІМІНІҢ ЖАҢА ОРЫНБАСАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалдының өкімімен және Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімімен Алматы қаласы әкімінің орынбасары болып Абзал Нүкенов тағайындалды.

Ол ішкі саясат, мәдениет, спорт, білім, жастар саясаты және дін істері салаларына жетекшілік етеді.

Абзал Нүкенов 1978 жылы 21 шілдеде Жетісу облысында дүниеге келген. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін тәмамдаған. Саяси ғылымының кандидаты. Еңбек жолын 2000 жылы бастаған. Алматы қаласы Ішкі саясат департаментінде жұмыс істеген және Әуезов ауданы әкімінің орынбасары болған.

Абзал Нүкенұлы әр жылдары Қауіпсіздік Кеңесінің Ситуациялық орталығын басқарған, сондай-ақ Дін істері және азаматтық қоғам вице-министрі, Қарағанды облысы әкімінің орынбасары болған. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінде басшылық лауазымдарда қызмет атқарған.

Бүгінгі күнге дейін Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс істеді.

НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ

МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

Буферлік аймақтарды кешенді көркейту жобасы жүзеге асырылып жатыр

Наурызбай ауданында буферлік аумақтарды кешенді көркейту бойынша ауқымды жоба басталды. Жұмыс 2025 жылы қыркүйекте қолға алынды. Жобаның мақсаты – тұрғындар үшін қолайлы, қауіпсіз және экологиялық жайлы қала ортасын қалыптастыру. Бұл туралы Наурызбай ауданының әкімдігі хабарлады.

Биыл негізгі жұмыс Шалыпин көшесі мен Абай даңғылынан төмен орналасқан бульвар аумағында басталған. Мұнда көгалдандыру, көркейту элементтері орнатылып жатыр. Сондай-ақ, жоспарға Қонаев көшесі енгізілген. Онда көгалдандыру, техникалық жүргінші

жолын жасау және автоматты суару жүйесін орнату көзделіп отыр.

Жоба аясында дренаж және арық жүйелерін жетілдіруге ерекше көңіл бөлінген. Бұл шаралар тұрғын үйлер аумағын су басудан қорғап, жаяу жүргінші аймақтарының ұзақ мерзімді

сақталуын қамтамасыз етеді. Бұдан бөлек, көгалды тас төсеу, сәндік жарық шамдарын орнату, ағаштар мен бұталар отырғызу жұмыстары да жүргізіліп жатыр.

Абаттандыру жобасы ауданның көркін арттырып қана қоймай, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға да сеп болады. Тұрғын алаптар арасындағы жасыл дәліздер мен абаттандырылған өтпелі аймақтардың құрылуы шаңтозаңды азайтып, ауаның тазалығын жақсартатын және қала ортасын серуен мен демалысқа барынша қолайлы етеді.

Наурызбай ауданы әкімдігінің мәліметінше, буферлік аймақтарды абаттандыру – қалалық инфрақұрылым мен экологиялық тепе-теңдікті дамытуда маңызды қадам. Жобаның басты мақсаты – тұрғын үйлер, саябақтар мен қоғамдық кеңістіктерді біріктіретін үздіксіз жасыл желек белдеуін қалыптастыру.

2026 жылы абаттандыру жұмыстары жалғасады. Келесі кезеңде Тәжиев, Асқаров және Арман көшелерін жаңарту көзделіп отыр. Бұл жұмыстар жекелеген аумақтарды біртұтас абаттандырылған жүйеге біріктіріп, Наурызбай ауданын Алматының ең жасыл әрі ең жайлы аудандарының біріне айналдыруға мүмкіндік береді.

Қ.ЖҰМАДІЛОВА.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Пластикке арналған тор жәшіктер орнатылды

Алматыда пластик бөтелкелерге арналған алма пішінді тор жәшік орнатылды.


Жоба Алматы қаласындағы алғашқы Эко-хабтың негізін қалаушы Евгений Мұхамеджановтың бастамасымен қолға алынған. Оның айтуынша, қарапайым қоқыс жәшіктеріне қарағанда, мұндай құрылым пластик бұйымдарды жинауға тиімді болады және қаланың келбетімен үйлеседі.

– Біз алғашқы пластик жинауға арналған торды жаңарған Сайран көлінің жағалауында орнаттық. Онда адамдар қоқыс тастап, көл айналасын ластады. Біз адамды қызықтыратын пішінде қоқыс жинайтын жәшіктер болса, ол экологиялық мәдениетті қалыптастыруға көмектесетінін көрсеткіміз келді. Қарапайым қоқыс жәшіктеріне 5 бөтелке салсаң толып қалады. Ал біздің тор жәшіктер аз уақытта көп пластик жиналып қалды. Біреуінен 7-8 қап пластик бөтелке шығады, – деді ол.

Сонымен қатар, Евгений Мұхамеджанов Республика күні қарсаңында қалада тағы үш осындай тор жәшік орнатылғанын атап өтті. Олар Шевченко мен Байсейітова көшелерінің қиылысындағы саябақта, сондай-ақ Төле би мен Масаншы, Сәтбаев және Масаншы көшелерінің қиылысында орналасқан.

– Адамдар бұл тор жәшікті көргенде, онда салынған пластиктің міндетті түрде қайта өңделетініне сенеді. Сөйтіп, қоқыс қайта өңделуі үшін осында арнайы тастайтын болады. Бұл қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастыруға көмектеседі. Жалпы, Эко-хабта біз осында жиналған пластик бөтелкелердің қақпақтарын шешіп, оны өңдеп, әртүрлі бұйымдар, тіпті жиһаз жасап шығамыз. Атап айтқанда, шахмат, салпыншақ, шыршаға арналған ойыншықтар, орындықтар және т.б. Ал бөтелкенің өзі арнайы құралмен тығыздап, Қонаев қаласында қайта өңделетін зауытқа жібереміз, – деді ол.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.





БРИФИНГ

ӘЛЕУМЕТПЕН ӘРҚАШАН БІРГЕМІЗ

Мегаполисте медициналық туризм қарқынды дамып келеді

Алматы қаласында денсаулық сақтау және әлеуметтік саясаты тұрғындардың игілігі үшін қызмет етіп келеді. Жыл басынан бері осал топтарды қолдауға 30,5 млрд. теңге бөлінген. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында қала әкімінің орынбасары Нұрлан Әбдірахым мәлімдеді. Ол әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттарын, халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту іс-шараларын таныстырды.



Нұржамал
ӘЛІШ



Тең мүмкіндіктер

Шаһарда бүгінде 2,2 миллионнан астам адам тұрады. Соның шамамен 370 мыңы әлеуметтік осал санатқа (зейнеткерлер, мүмкіндігі шектеулі жандар, көпбалалы отбасылар, ардагерлер мен жетім балалар) жатады. Биыл осы бағыттағы бағдарламаларды жүзеге асыруға мемлекеттік бюджеттен 30,5 млрд. теңге бөлінді. Жұмыспен қамту іс-шаралары да белсенді жүргізілуде. Биыл 11,4 мың адам тұрақты жұмысқа орналасты, 11 мыңы субсидияланатын жұмыс орындарына жіберілді, 770-і кәсіби оқудан өтті.

«Әлеуметтік төлемдердің ашықтығын қамтамасыз ету үшін цифрлық шешімдер енгізілді. Солардың бірі – FSM Social мобильді қосымшасы. Ол бюджеттік қаражаттың тиімді жұмсалыуына мүмкіндік береді», – деді Н.Әбдірахым.

Өткен тоғыз айда 190 мың тұрғын жалпы сомасы 4,3 млрд. теңге көлемінде әлеуметтік көмек алған. Оның ішінде аз қамтылған отбасыларға атаулы әлеуметтік көмек көрсетілді. Қалада осал топтардың мәселелерін жедел шешіп отыру үшін құрылған әлеуметтік уәкіл институты жұмыс істейді. Ол азаматтардың құқығын қорғап, кері байланыс орнатуға көмектеседі.

Ана мен бала аман болсын

Брифинг барысында Нұрлан Әбдірахым Алматы денсаулық сақтау саласының негізгі көрсеткіштері бойынша ел көлемінде көш бастап тұрғанын айрықша атап өтті. Қазіргі күні қалада 221 медициналық ұйым жұмыс істейді. Онда 36 мыңнан астам медицина қызметкері, соның ішінде 10 мың дәрігер еңбек етуде.

Биылғы 9 айдың қорытындысы бойынша, көрсеткіштер жақсы. Мәселен, ана өлімі жоқ. Ал сәби өлімі республика деңгейінен 23% -ға төмен және өткен жылмен салыстырғанда 22,7% -ға азайған. Онкологиялық өлім-жітім республика көрсеткішінен 8% -ға төмен.

«Бұл нәтижелер – алдын алу іс-шараларының, диагностика жаңғыртудың және қалалық дәрігерлердің кәсіби шеберлігінің жемісі», – деп атап өтті қала әкімінің орынбасары.

ЖИ негізінде дауыстық роботтар іске қосылды

Алматы онкологтары елімізде алғаш болып химиопрепараттарды дайындауға арналған роботтандырылған KiroOncology жүйесін енгізді. Алматы қаласы еліміздегі технологиялық медицинаның флагманына айналууда. Қазақстанда алғаш рет Алматылық онкология орталығында химиотерапиялық препараттарды дайындайтын KiroOncology роботтандырылған жүйесі іске қосылды. Бұған дейін мұндай

технология Еуропа мен АҚШ клиникаларында ғана қолданылған еді. Сондай-ақ, елімізде алғаш рет қаладағы №3 емханада жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін дауыстық роботтар іске қосылды. Олар тіркеуші қызметін атқарып, пациенттердің өтініштерін қабылдап, кеңес береді және жүктемені автоматты түрде бөледі. Алдағы уақытта бұл тәжірибе мегаполистегі барлық емханаға енгізілмек.

«Алматы медицина саласын қауіпсіз әрі қолжетімді ететін заманауи технологияларды енгізіп келеді», – деді Н.Әбдірахым.

Сонымен қатар, қалалық Кардиологиялық орталық базасында алғаш рет қалалық деңгейде жүрек трансплантациясы бойынша ота жасауға дайындық жүргізілуде.

Бес емхана бой көтеруде

Брифингте Нұрлан Әбдірахым мәлімдегендей, жыл соңына дейін екі бастапқы медициналық-санитарлық көмек орталығы мен бір жедел жәрдем қосалқы станциясының, сондай-ақ әр ауысымда 500 келушіге арналған бес жаңа емхананың құрылысы аяқталады. Жаңа нысандар «Думан», «Құрамыс», «Шұғыла», «Алтай-1» ықшамаудандарында және Әйтеке би көшесінде орналасады.

Алдағы жылдары 30-дан астам медициналық нысанның құрылысы мен қайта жаңғыртылуы жоспарланып отыр, олардың қатарында: 300 төсекке арналған көпсалалы аурухана («Дарабоз» ықшамауданы); 200 төсектік перинаталдық орталық; №4, №7 ауруханалары мен №1 перзентхананың жаңа корпусы; Психикалық денсаулық орталығы және балаларды оңалту орталығы бар.

«Кейінгі 10 жылда мұндай ауқымдағы жаңғырту жұмыстары жүргізілмеген. Біз алдағы жылдарға арналған сапалы медициналық инфрақұрылымды қалыптастырып жатырмыз», – деді қала әкімінің орынбасары.

«Отбасының цифрлық картасы» сәтті түзілді

Мегаполисте қиын жағдайда қалған отбасыларды анықтау бойынша кешенді жұмыс жүргізілуде. «Отбасының цифрлық картасы» платформасы аясында 1819 отбасы (яғни 9063 адам) 755 млн. теңге көлемінде атаулы әлеуметтік көмек алды. Әкім орынбасарының айтуынша, қаланың әлеуметтік саясаты тек қаржылай қолдауға ғана емес, азаматтарды еңбекке ынталандыруға және өз отбасын өздігінен қамтамасыз етуге бағытталған.

«Биыл мүгедектігі бар 33 мыңнан астам адам оңалту құралдарымен және әлеуметтік қызметтермен қамтылды. Бұл мақсатқа 12,2 млрд. теңге бөлінді. Сонымен қатар, 277 адамға құны 1,3 млрд. теңгені құрайтын инновациялық техникалық құралдар берілді», – деді Н.Әбдірахым.

Келер жылы Әлеуметтік қорғау саласын дамытудың ұлттық ғылыми орталығымен бірлесіп, жеке оңалту техникалық құралдарын іріктеу жүйесін енгізу жоспарлануда. Бұл жүйе қызмет алушылардың жеке ерекшеліктері мен медициналық көрсеткіштерін ескеруге мүмкіндік береді.

Медициналық туризмнің табысы

Брифингте Алматы қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Марат Пашимов те сөз сөйлеп, мегаполисте медициналық туризмді дамытуға зор мүмкіндік бар екенін тілге тиек етті. Иә, бүгінде қалада көп деңгейлі медицина ұйымдары жұмыс істейді, заманауи технологиялар қолданылып, жоғары сапа стандарттары сақталады.

«Алматы қазірдің өзінде көршілес елдерден келетін науқастар үшін тартымды бағытқа айналып отыр. Әсіресе, Ресей, Өзбекстан және Қырғызстаннан келетін пациенттердің саны тұрақты түрде өсіп келеді», – деді М.Пашимов.

Қазіргі күні шаһардағы 25 медициналық ұйым онкология, хирургия, акушерлік және психоневрология сияқты түрлі бағыттар бойынша жоғары технологиялық көмек көрсетеді. 2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында Алматы стационарларында 178 шетелдік пациент емделген.

«Медициналық туризмді дамыту – тек қосымша табыс көзі ғана емес, сонымен бірге медициналық көмектің сапасын арттыруға және Алматының денсаулық пен инновациялар қаласы ретіндегі халықаралық беделін нығайтуға мүмкіндік береді», – деді сөзін түйіндеген М.Пашимов.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ



ЖАҢАШЫЛДЫҚ

балалардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытады

Білім беру жүйесінде, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымдарда (балабақшаларда) ЖИ элементтерін қолдану – балалардың ерте жасынан цифрлық сауаттылығын арттыру мен жеке қабілетін дамытуға үлкен мүмкіндік береді.



Рая
ЕСКЕНДІР

Жалпы, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жасанды интеллект элементтерін қолдану қазіргі заманда өзекті мәселе екені анық. Алматыдағы №15 бөбекжай-балабақшаның педагогикалық ұжымында ЖИ құралдарын қолданудың әдіс-тәсілдері сараланды.

– Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ЖИ элементтерін пайдалану арқылы оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруға, балалардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға болады. Мақсат – педагогтерге әдістемелік көмек беру. Цифрлық мәдениетті қалыптастыру, шығармашылық әлеуетті арттыру аясында жаңа технологияларды қолданудағы белсенділікті дамыту, интерактивті тапсырмалар, ертегілер мен көрнекіліктер жасау арқылы тәжірибе алмасу алаңын ұйымдастыру, – дейді №15 бөбекжай-балабақша меңгерушісі Құралай Ұйқасова.

ЖИ элементтерін енгізу – баланың болашақ цифрлық қоғамға бейімделуіне жол ашады. Жиын барысында семинарға қатысушылар ЖИ технологияларының түрлерін таныстырып, оларды балалардың жас ерекшеліктеріне сай қолдану жолдарын көрсетті. Мәселен, интерактивті ойындар – баланың жауаптарына қарай бейімделетін оқу ойындары болса, оларға дыбыстық көмекшілер ретінде (Google Assistant, Alexa, Alice) құрылғыларын, сурет пен пішінді тану бағдарламаларын, яғни баланың салған суретін талдайтын қосымшаларды пайдаланып, танымдық сұрақтарға жауап береді.

Балабақша әдіскері Бағдат Нұржекеева, тәрбиешілер Әсем Мәйкенова, Айша Нұртаева, психолог А.Шаймұханова жиынның мағыналы да, маңызды өтуіне ерекше үлес қосты. Ең бастысы – ЖИ мен адамның өзара әрекетін үйлесімді ету, яғни технологияны құрал ретінде дұрыс пайдалану.





ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЖЕТЕКШІ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒЫТ

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫ 6,3%-ҒА ӨСТІ

(Басы 1-бетте)

Бұл өсу қарқыны экономиканы әртараптандыру және салаларды теңгерімді дамыту есебінен жүзеге асырылуда. Өсімнің негізгі драйверлері көлік және қоймалау қызметтері (+21,2%), құрылыс (+14,9%), сауда (+8,8%), тау-кен (+9,3%) және өңдеу өнеркәсібі (+6,2%) болды. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемінің өсуі орта және ұзақ мерзімді тұрақты даму үшін берік негіз қалыптастырып отыр.

Биылғы қаңтар-қыркүйек аралығында инвестициялар жылдық мәнде 13,5%-ға, оның ішінде өңдеу өнеркәсібіне 30,7%-ға ұлғайды.

Инвестициялардың жандануы іскерлік белсенділіктің өсуімен, екінші деңгейлі банктердің бизнеске несие беру көлемінің ұлғаюымен, инфрақұрылымдық және инвестициялық жобаларды, сондай-ақ «Тарифті инвестицияға айырбастау» және «Келешек мектептері» бағдарламаларын жүзеге асырумен байланысты.

Кәсіпкерлікті дамыту және инвестициялар

Елімізде жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес кәсіпорындарының саны артып келеді. 2025 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша елімізде 2174 309 кәсіпорын тіркелген, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен (2 043 760) салыстырғанда, 6,4%-ға артық.

ШОБ-тың экономикадағы үлесі 38,6%-ға дейін (+0,9 пайыздық тармақ) өсті, ал өнім шығару көлемі 11,4%-ға ұлғайып, 18,7 трлн. теңгені құрады.

2024 жылғы қабылданған бизнес жүргізу мәселелері жөніндегі заңның арқасында бизнесті тексеру азайып келеді. Жаңа тәсіл бойынша қадағалау жүйесі тексеруден профилактикалық шараларға көшу тұрғысында қайта қаралды.

Бас прокуратураның деректеріне сәйкес, 2024 жылы 53 320 кәсіпкер тексерілген, бұл мораторийға дейінгі 2019 жылмен (126 561) салыстырғанда, 42,1%-ға төмен.

Мұндай үрдіс 2025 жылы да жалғасуда. Осы жылғы 6 айда тексерулер саны 1,9%-ға азайып, 46 375-ті құрады, бұл 2019 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда, 73,8%-ға аз.

Сондай-ақ, бизнеске қойылатын 10 мыңнан астам артық талаптың күші жойылды, ал «1 in 2 out» қағидаты (қолданыстағы екі реттеу тетігін алып тастап, жаңадан бір талап енгізу) реттеу жүктемесін арттырмауға мүмкіндік берді.

Жыл соңына дейін рұқсат алу үшін қойылатын біліктілік талаптарын қайта қарау жоспарланып отыр, сондай-ақ оларды алу мерзімдері оңтайландырылады.

Бизнес пен мемлекеттің өзара тиімді іс-қимыл жасауы үшін «Менің бизнесім» атты жеке кабинет функционалы бар «eGov Business» мобильді қосымшасы іске қосылды. Ол арқылы 30-дан астам мемлекеттік қызметке оңай қол жеткізуге болады, олар – кәсіпорынды тіркеу, салық күнтізбесі, сертификат алу және цифрлық құжаттарға қол қою және тағы басқалар.

Бизнесті мемлекеттік қолдау

2024 жылдың қорытындысы бойынша жеңілдікпен қаржыландыру шарала-



рымен жалпы сомасы 1,3 трлн. теңгеге жуық 26 мыңнан астам бизнес жоба қамтылды.

2025 жылы микро және шағын кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттерін субсидиялауды қарастыратын жеңілдікпен несие берудің жаңа тетігі бекітілді. Субсидияланатын кредит сомасы 200 млн. теңгеден аспайды, сыйақы мөлшерлемесі – 12,3%, кредит беру мерзімі – 3 жылға дейін.

Жеңілдікпен кредит беретін жаңа «Өрлеу» бағдарламасы іске қосылды, оның аясында кәсіпкерлер 10 жылға дейінгі мерзімге 12,6% мөлшерлемесі бойынша 7 млрд. теңгеге дейін кредит ала алады. Бүгінде 392 млрд. теңгеге кәсіпкерлік субъектілерінің 1095 жобасы қаржыландырылды.

«Даму» қорының базасында екі кепілдік беру қоры құрылды.

1-ші кепілдік беру қоры шеңберінде құны 281 млрд. теңге болатын 1618 жобаға қолдау көрсетілді, оның ішінде кепілдіктер сомасы 154,4 млрд. теңгені құрады.

2-ші кепілдік беру қоры бойынша құны 7,1 млрд. теңге болатын 1 жобаға қолдау көрсетілсе, оның ішінде кепілдіктер сомасы 2,8 млрд. теңгені құрады.

100-ден астам қаржылық және қаржылық емес шараларды қамтитын Бірыңғай өзекті тізілім жасалды. Оның тиімділігіне мониторинг жасау үшін «Bağlauda» жүйесі енгізілді, ол ашықтық пен бағдарламаның орындалуын қадағалауға мүмкіндік береді.

Мемлекет үлесін төмендету және бәсекелестікті дамыту

Биылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 922,1 млрд. теңге сомасындағы 396 мемлекеттік нысан бәсекелес ортаға берілді, 69 нысан қайта ұйымдастыруға немесе таратуға жіберілді.

Ірі мемлекеттік компаниялар IPO/SPO-ға шығарылды: «Қазмұнайгаз» АҚ – 153,9 млрд. теңгеге; «KEGOC» АҚ – 22,6 млрд. теңгеге; «Эйр Астана» АҚ – 10,6 млрд. теңгеге.

Экономиканы жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия 3 трлн. теңгеден астам баланстық құны бар 400-ден аса компанияны оңтайландыруды қолдады. 2026–2030 жылдары үш кезеңді оңтайландыру жоспарлануда: 1 кезең (2026) – 200-ге жуық нысан; 2 кезең (2027-2028) – 100-ден астам компания; 3-кезең (2029-2030) – 60-қа

жуық компания, негізінен жылу және энергетика саласында.

Экономиканы демонополизациялау

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2022 жылдан бастап Экономиканы демонополизациялау жөніндегі комиссия жұмыс істейді. Нәтижесінде қысқа мерзім ішінде бұрын жеке құрылымдар бақылайтын активтер мен қаражат мемлекеттік меншікке қайтарылды.

Атап айтқанда, республикалық және коммуналдық меншікке 17 АҚ мен ЖШС-нің акциялар пакеттері мен оларға қатысу үлестері, Шығыс Қазақстан облысындағы мүлктік кешен, 7 ғимарат, 162 теміржол мен құрылыс нысандары, 7 автомобиль және өзге де (2 мыңнан астам бірлік) мүліктер берілді.

Бұдан бөлек, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына 1 млрд. теңге аударылды. Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына \$100 млн. және 1,49 млрд. теңге берілді.

Мемлекеттік сатып алу жүйесін реформалау

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап жаңа «Мемлекеттік сатып алу туралы» заң қолданысқа енгізілді.

Ол сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің сапасын арттыруға, рәсімдердің мерзімін қысқартуға және ашықтықты арттыруға бағытталған. Сатып алуды өткізу мерзімі үш есеге 30-дан 10 жұмыс күніне дейін қысқартылды.

Қоғамдық мониторинг жүргізіледі, жеткізушілердің жауапкершілігі күшейтілді. «Кілтімен тапсырғанға дейін» тетігі енгізілді, қосалқы мердігерге берілетін жұмыстар көлемі 30%-ға дейін қысқартылды.

Мөлшері аз сатып алуды жүзеге асыру мақсатында 100 АЕК-ке дейінгі тауарларды, 500 АЕК-ке дейінгі жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді бір көзден алу құқығы енгізілді. Ауылдық әкімдіктер үшін бір көзден сатып алу шегі 3 мың АЕК-тен 4 мың АЕК-ке дейін ұлғайтылды. 2019 жылдан бері бір көзден мемлекеттік сатып алу көлемі 34%-дан 26%-ға дейін төмендеді. «Электрондық қаржы орталығы» АҚ-ның базасында қолданыстағы сатып алу алаңдарын (goszakur.gov.kz, zakur.sk.kz, mitwork.kz) интеграциялау арқылы Бірыңғай сатып алу платформасы құрылды. 2025 жылғы 9 айдың қорытындысы бойынша мемлекеттік

сатып алу көлемі 9,4 трлн. теңгені, отандық тауар өндірушілермен жасалған шарттар саны – 140 712 бірлікті, сомасы – 399,86 млрд. теңгені құрады. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, (жалпы сомасы 202,5 млрд. теңгеге 109 909 шарт) айтарлықтай жоғары.

Бизнестің біртұтас жүйесі

Қазақстан 2029 жылға қарай ЖІӨ деңгейін \$450 млрд.-қа дейін екі есе өсіруді және кемінде \$150 млрд. көлемінде инвестиция тартуды мақсат етіп отыр. Осы мақсатта бизнестің біртұтас экосистемасын қалыптастыратын Инвестициялық саясаттың 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасы жаңартылды. Инвестиция-

лық штаб құрылды, ұлттық цифрлық инвестициялық платформа іске қосылды.

«Инвестицияға тапсырыс беру» қағидаты енгізілді, ол бәсекелестік артықшылықтарды ескере отырып, өңірлік және салалық ұсыныстарды жасақтайды. Басым салалардағы құны \$60 млн.-нан асатын инвестициялық жобалар үшін қазақстандық заңнаманың 25 жыл бойы тұрақты болатынына кепілдік беретін инвестициялар туралы келісім жасасу қарастырылған. 2024 жылы осындай 6 келісім, 2025 жылы тағы 21 келісім жасалды.

Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарға ерекше көңіл бөлінуде, содай-ақ ағылшын құқығы қағидаты бойынша қызмет ететін, «жасыл» және исламдық қаржы құралдарын қолдайтын «Астана» халықаралық қаржы орталығы да қарқынды дамуда.

Қазақстанның инвестициялық тартымдылығы

Қазақстан Орталық Азия өңіріндегі жетекші инвестициялық бағыттардың бірі ретіндегі мәртебесін сақтап қала алды. ЮНКТАД деректеріне сәйкес, 2024 жылы теңізге шыға алмайтын елдерге арнап жарияланған 5 greenfield-жобаның төртеуі Қазақстанда жүзеге асты.

Қазақстанға келген тікелей шетелдік инвестиция көлемі \$17,2 млрд.-ты құрады, 45 жаңа жоба жүзеге асырылып, 6200 жұмыс орны ашылды.

Инвестицияның негізгі бағыттары: тау-кен өндіру өнеркәсібі – \$6,5 млрд.; өңдеу өнеркәсібі – \$2,8 млрд.; сауда – \$5,3 млрд.; кәсіби және ғылыми қызмет – \$0,9 млрд.

Аса ірі инвесторлар: Ресей (\$4,1 млрд.), Нидерланды (\$3,8 млрд.), Оңтүстік Корея (\$1,2 млрд.), Бельгия (\$1,2 млрд.) және Қытай (\$1,2 млрд.).

2025 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша тікелей шетелдік инвестициялардың (ТШИ) жалпы ағыны \$10,1 млрд. құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 1,1%-ға артық. Үкімет инвестиция тарту, бизнесті дамыту және экономиканы демонополизация жасау жөніндегі бұл жұмыстарды жалғастыра беретін болады.



Суреттерді түсірген Самат Құсайынов.

ПРЕСС-ТУР

ҚОНАҚЖАЙ ҚАЛАНЫҢ ХАЙУАНАТТАР БАҒЫ –

тартымды туристік орталық

Алматы хайуанаттар бағын-
да журналистер мен бло-
герлердің баспасөз-туры өтті.
Өңірлік коммуникациялар қыз-
меті ұйымдастырған іс-шарада
хайуанаттар бағының жаңартыл-
ған келбетін көруге мүмкіндік ал-
дық.

Нұржамал
Әліш

Биыл зообақ ұжымы жануарларды
көбейту ісінде айтарлықтай жетістікке
жеткен. Ветеринар дәрігер Юлия Дудки-
наның айтуынша, 31 түрлі жануардан
87 төл алынған. Олардың арасында

амур жолбарысы, ақ қасқыр, кенгуру,
лемур, бұғы мен таутекелер бар.

«Ең үлкен қуанышымыз – амур
жолбарысының жұбынан екі күшіктің
дүниеге келуі. Бұл нәтижеге жету үшін
төрт жыл бойы жүйелі түрде жұмыс
істедік. Сонымен қатар, биыл екі жұп
ақ қасқыр төлдеді – бірінен үш,
екіншісінен бір бөлтірік туды. Бұл
елімізде сирек кездесетін әрі бағалы
түрлері», – дейді Ю.Дудкина.

Бақ әкімшілігі алдағы уақытта кол-
лекцияны жаңа экзотикалық жануар-
лармен толықтыруды жоспарлаған.
Жақын арада АҚШ-тан тамандуа мен
алтыжолақты кіреукей, Канададан сі-
леусіндер жеткізілмек. Ал Алматы ха-

йуанаттар бағы өз кезегінде шетелдік
әріптестеріне сәтті көбейіп жатқан
аққұйрық бүркіттерді табыстайды.

Коллекция жетекшісі Айман Едге-
баеваның айтуынша, хайуанаттар бағы-
ның басты мақсаты – жануарларды
көрсету ғана емес, табиғатты қорғау
және жастар арасында экологиялық
мәдениетті қалыптастыру.

«Алматы хайуанаттар бағы жырт-
қыш құстарды – сақалтай, ақ иықты
және ақ басты бүркітті, құзғын мен
грифтерді көбейту ісінде халықаралық
деңгейде танымал. Америкалық
Timbavati Wildlife Park ұйымы біздің
бақта кумайдың табиғи жолмен кө-
бейіп жатқанын ерекше атап өтті. Бұл –

бүкіл әлемдегі сирек жағдай және
Алматы үшін үлкен мәртебе», – деді
А.Едгебаева.

Бүгінде Алматы хайуанаттар бағы –
елдегі табиғатты қорғау мен биоалуан-
түрлілікті сақтау ісіндегі жетекші орта-
лықтардың бірі. Іргесі сонау 1937 жылы
қаланған парк қазір Орталық Азиядағы
ең танымал рекреациялық және эколо-
гиялық орталықтардың бірі. Ол – алма-
тылықтар мен қала қонақтары үшін ең
жиі баратын демалыс орындарының
бірегейі. Балалар мен отбасылық дема-
лысқа арналған негізгі бағыттардың бірі
ретінде ішкі туризмге қосқан салымы да
жоғары. Биылдың өзінде баққа 1 мил-
лионнан астам адам келген.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бақтың білгір бағбаны

Алматы сынды қонақжай
қаланың әрбір қонағы мін-
детті түрде Алматыдағы Ха-
йуанаттар бағына бас сұғады.
Өйткені, бұл бақ өзінің ұзақ
тарихында Орта Азиядағы ең
танымал туристік нысандар-
дың бірі болып келген. Қазір
де сол биігінен аласарған жоқ.
Қалалық мәслихат өзінің XXXI
сессиясында маңызды шешім
қабылдап, қолдау білдірді. Ал-
маты хайуанаттар бағы соңғы
уақытта төленіп келген «Ерекше
табиғи аумақты пайдаланғаны
үшін» деп аталатын төлемнен
босатылды. Енді жыл бойы
бюджетке аударылып келген
ауқымды қаражат хайуанаттар бағының инфоқұрылымын жақсарту-
ға, жануарларды күтіп-баптауға жұмсалатын болады.

Мегаполистің осы бір мәдени нысанында табиғаттың тілін білетін жандар
еңбек етіп жүр. Көп жағдайда біз хайуанаттар бағын аралап, жануарларды
тамашалаумен шектелеміз. Ал сол бақтағы жануарлардың саулығы мен ұрпа-
ғы үшін күн сайын тер төгетін жандардың еңбегін ескере бермейміз. Солар-
дың бірі – бар саналы ғұмырын осы іске арнаған Балабек Махатов.

Ақселеу Сейдімбек «Адам баласы табиғаттың ең ұлы перзенті болуымен
бірге, ең ұлы қамқоршысы екенін ешқашан естен шығармауы керек» деген
еді. Бұл сөздер табиғатты қорғауды өмірлік мұрат еткен Балабек Жұмаханұ-
лының еңбегін айқын сипаттайды. Оның еңбек кітапшасында бір ғана мөр бар
– бар өмірі Алматы хайуанаттар бағымен тығыз байланысты. Ол еңбек жолын
жетекші ветеринар болып бастап, бүгінге дейін осы мекеменің жауапты қыз-
меттерін атқарып келеді.

Алматы ауылшаруашылық-зооветеринар институтын тәмамдаған түлек-
тердің көбі үй жануарларын емдеумен шектелсе, Балабек Махатов күрделі
бағытты – жабайы аңдарды емдеуді таңдады. Ол «аңның тілін түсінетін ма-
ман» атанып кеткен. Көп жылдар бойы құстарды, жыландарды, бауырымен
жорғалаушыларды зерттеп, олардың сырқатын емдеу мен алдын алу, ұрық-
тандыру жұмыстарын жүргізіп келеді.



Мысалы, соңғы жылдары хайуанаттар бағында сирек кездесетін құбы-
лыс – жираф пен сусиырдың төлдеуі жиілеп отыр. Бұл – Балабек Жұмаханұ-
лы бастаған мамандардың еңбегінің жемісі. Бүгінде бақта жирафтан 15,
сусиырдан 6 төл алынған.

Ол тек Алматы хайуанаттар бағының емес, еліміз бойынша осы саланың
тәжірибелі маманы саналады. Шетелден аңдарды әкелу кезінде ғылыми
тексеріс пен тасымалдау жұмыстарын да өзі басқарады. Балабек Жұмаханұ-
лының арқасында түрлі құрлықтардан әкелінген сирек аңдар Алматыда
аман-есен жерсініп жүр. Әріптестері оның «бармаған Саваннасы, жүзбеген
Амазонкасы жоқ» деп әзілдейді. Африканың әйгілі «Серенгети» қорығын
кезіп шыққан бозбаланың аң-құсқа деген сүйіспеншілігі – оның өмірлік
жолын айқындаған ерекше тағдыр.

Бүгінде ол тек жануарлардың қамқоршысы ғана емес, хайуанаттар бағы
тарихының тірі куәсі. Оның ерен еңбегі еленіп, Балабек Жұмаханұлы Д.Қо-
наев атындағы марапатпен марапатталған. Ол – еңбегімен ел сүйіс-
пеншілігіне бөленген жан, табиғат пен тіршілік иелерінің адал бағбаны.

Тарихтан бір үзік сыр

Алматы қаласында хайуанаттар бағын құру туралы шешім алғаш рет
Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесінде 1937 жылы қабылданған. Көп
ұзамай-ақ, бақ құрылысына Казачка өзенінің оң жағалауындағы жеміс
бағының аумағынан 26,6 гектар жер бөлінеді. Осылайша хайуанаттар ба-
ғын ашу үшін жануарлардың шағын тобы жинақталады. Сол жылдың мау-
сым айында Алматыға алғаш рет елік, қасқыр жұбы және арқардың лағы
жеткізіледі. Ал жаздың екінші жартысында Үшаралдан суда жүзетін құстар,
гиеналар, шибөрілер, тауыстар мен тотықұстар әкелінеді. Қазан айында
Мәскеу хайуанаттар бағынан арыстандар, зубрлар, ақ аюлар, солтүстік
бұғылары мен жанаттар жеткізілген. 1937 жылдың 7 қарашада «Хайуанат-
тар бағы ашылады» деген хабар қала тұрғындарын елең еткізген еді.

Алайда, бақтың ашылуы – жұмыстың бастамасы ғана еді. Зерттеу және
ағарту жұмыстары үшін хайуанаттар бағын жыл сайын жаңа аң түрлерімен
толықтырып отыру қажет болды. Әсіресе, экзотикалық жануарларды сатып
алу – оның тарихына қосылған үлкен үлес еді. Мәселен, Қытай аллигатор-
лары мен бенгал жолбарыстары 1954 жылы, ірі тотықұстар 1957 жылы,
адамтәріздес маймылдар мен ламалар 1961 жылы, ал бегемоттар 1962
жылы сатып алынды. 1967 жылы баққа алып сейшель тасбақалары келсе,
1970 жылы қара пантера мен гепардтар мекендей бастады. Осылайша
шағын ғана 200 жануардан басталған бақ бүгінде әлемдегі ірі хайуанаттар
бағының біріне айналды. Қазір Алматы хайуанаттар бағында жан-жануар-
лар, құстар мен бауырымен жорғалаушылардың 530-дан астам түрі бар.

Рая ЕСКЕНДІР.



БӘРЕКЕЛДІ!

ҚАЖЫРЛЫ ЕҢБЕККЕ ҚҰРМЕТ

Республика күніне орай Алматыда мемлекеттік наградаларды салтанатты түрде табыстау рәсімі өтті

Марапат иелері қатарында қала мен елдің дамуына зор үлес қосқан азаматтар бар. Олардың ішінде дәрігерлер мен ұстаздар, мәдениет және кәсіпкерлік саласының өкілдері, еңбек ардагерлері мен қоғам белсенділері бар.

Досбол
АТАЖАН

«Алматылықтарға алғысым шексіз»

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан марапаттарды алматылықтарға қала әкімі Дархан Сатыбалды табыс етті. Салтанатты жиын барысында Дархан Сатыбалды Республика күні – ел бірлігі мен тұтастығының, рухани қуаты мен ұрпақтар сабақтастығының нышаны екенін атап өтті.

– Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап Қазақстан экономика, ғылым мен білім, денсаулық сақтау, мәдениет және дипломатия салаларында нық әрі сенімді қадаммен алға басты. Бүгінде еліміз халықаралық аренада беделді, тең құқықты әріптеске айналды. Тәуелсіздік жылдарындағы барлық жетістіктің негізінде – халқымыздың еңбегі жатыр. Сондықтан әрбір дәрігерге, ұстазға, инженерге, кәсіпкерге және әрбір алматылыққа алғысым шексіз, – деді Алматы қаласының әкімі.

Мемлекет басшысының Жарлығымен ақын Марфуға Айтхожаға «Қазақстанның халық жазушысы» құрметті атағы берілді. Қазақ радиосының арда-



гері Аманжан Серіков «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атанды, ал терапевт Нүрзия Дәуренбековаға «Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері» атағы табысталды.

Сонымен қатар, еңбек ардагері Есентай Тәжиев «Барыс» орденінің II дәрежесімен марапатталды. 19 алматылық «Құрмет» орденін, екі азамат «Еңбек Даңқы» орденінің III дәрежесін, ал үш тұрғын «Парасат» орденін иеленді. «Ерен еңбегі үшін» медалімен 45 адам, ал қоғамдық және қайырымдылық қызметтегі белсенділігі үшін алты азамат «Шапағат» медалімен марапатталды.

Марапат құтты болсын, әріптес!

Мемлекет басшылығының Жарлығымен Алматы қаласының әкімі Дархан



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Сатыбалдының қолынан «Alatau Aqparat» медиахолдингінің шығармашылық жобалар бөлімінің редакторы – Жәнібек Сүлеев «Құрмет» орденімен наградалды.

Жәнібек Сүлеевтің журналистикада саласында еңбек еткеніне 40 жылға жуықтады. Ол – «Қазақстанның Құрметті журналисі» атағының иегері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қазақстан Журналистика академиясының академигі. Әріптесіміз бүгінде «Зона.kz» деп аталатын қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарының тарихында тұңғыш рет «Навигатор» интернет-газетін құрудың бастауында тұрды.

Сондай-ақ, «Арай-Заря» журналының орыс редакциясының меңгерушісі, «Қазақстанның Халық бірлігі» Одағының ақпараттық-саяси жұмыс

орталығының меңгерушісі, «Қазақстан қаржысы» журналының тілшісі, «Дәуір-Время» газеті бас редакторының орынбасары, «Бірлік» газетінің саяси шолушысы, «Новое поколение» газетінің бөлім меңгерушісі, саяси «Атамұра – Столичное обозрение» газетінің шолушысы, Алматы облыстық Ақпарат және қоғамдық келісім басқармасының бас маманы, «451⁰ Фаренгейт» газеті бас редакторының орынбасары, «Навигатор» интернет-газеті мен «Мегаполис» газетінің шолушысы қызметтерін атқарды.

«Alatau Aqparat» медиахолдингінің ұжымы Жәнібек Азатұлын көпжылдық еңбегінің бағалануымен құттықтай отырып, оған мықты денсаулық, сарқылмас шабыт, отбасылық амандық және жаңа шығармашылық жетістіктер тілейді!

ӘРІПТЕС ӘЛЕМІ

Марат ТОҚАШБАЕВ:

ҰЛТ МҮДДЕСІ

атаққа да, мансапқа да айырбасталмайтын қағидат

Республика күні қарсаңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен еліміздің рухани және зияткерлік дамуына елеулі үлес қосқан бірқатар азаматтар мемлекеттік наградалармен марапатталды. Солардың қатарында жазушы-публицист, қоғам қайраткері Марат Байділдәулы Тоқашбаев та мемлекет пен қоғамға сіңірген қомақты үлесі үшін «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағына ие болды.

Қазақ руханияты мен журналистикасының тарихында елі үшін аянбай тер төккен, сөзімен де, ісімен де ұлт мүддесін қорғаған тұлғалар саусақпен санарлық. Сол санаулылардың бірі – жазушы-публицист, қоғам қайраткері, профессор, академик Марат Байділдәулы Тоқашбаев.

Ол қазақ журналистикасына, оның дамуына тынымсыз үлес қосып келе жатқан қаламгер. Бүкіл еңбек жолында кеңестік кезеңнің ұлтсыздандыру саясатына қарсы тұрып, ана тіліміз бен ұлттық рухымызды сақтау жолында қажырлы еңбек еткен тұлға. КСРО атты империялық жүйенің ұлтсыздандыру саясатына мойымаған, өз ұлтының болашағы үшін күрескен қайсар рух иесі.

Кейіпкеріміздің сонау 1980 жылдары ел ішін қорқыныш пен үрей билеген заманда Шона Смаханұлымен бірге Алматыда отыздан астам қазақ мектебі мен

балабақшаның ашылуына бастамашы болғанын біреу білер, біреу білмес. Сол заман үшін бұл нағыз батылдық пен ерлік қадамдары еді. 1990 жылы ел тәуелсіздігінің елең-алаңында «Азат» қозғалысын құрысып, халықтың саяси сауатын ашуға атсалысты, тәуелсіз демократиялық ел болу мәселелерін көтерді. Қозғалыстың негізін қалаушылардың сапында «Халық кеңесі» газеті арқылы демократиялық даму мен ұлттық сана мәселелерін батыл қозғады.

Марат ағамыз 1994 жылы Қазақстандағы алғашқы «Заң» газетін шығарып, юриспруденция саласының ұлттық негізін қалады, құқықтық терминдердің қазақша жүйесін қалыптастырды. 1999 жылы рухани салада да тың бастама көтеріп, Меккеден қазақ тілінде тұңғыш тікелей репортаж жүргізіп, ел руханиятына жаңа леп әкелді.

2000 жылдары «Қазақстан» ұлттық телеарнасын басқарған кезеңде ол мемлекеттік тіл мен рәміздерді насихаттауға айрықша назар аударып, елдің рухани өміріне серпіліс әкелген жаңа бағдарламалар жасады. «Әнуран», «Елтаңба», «Ақорда», «Елорда» секілді сөздерді қолданысқа енгізіп, тіл тазалығына айрықша үлес қосты, төл сөздерді қолданысқа енгізіп, тіл мәдениетін қалыптастыруға тың серпін берді.

Кейіпкеріміз еліміз үшін қастерлі құндылық – Республика күнінің тарихи мәртебесін қайта жаңғырту жолында да табандылықпен еңбек еткенін айта кеткеніміз жөн. Ол сонау 2014 жылдан бері 25 қазанды

қайтадан мемлекеттік мерекелер қатарына қосып жайлы талапты үздіксіз жазып келген ұлт жанашырларының бірі де бірегейі. Бүгінде Мемлекет басшысының бастамасымен 25 қазан – Республика күні мемлекеттік деңгейде аталып өтуде. Бұл да Марат Байділдәулының осы бағдардағы жылдар бойғы тынымсыз еңбегінің жемісі деп білеміз. Ол ұлық мейрамның мемлекеттік деңгейде қайта аталуына ықпал етіп, жол ашқан азаматтардың бірі.

Марат Тоқашбаев – ұлт мәдениеті мен руханиятының, ой әлемінің кеңдігін дәлелдеген әмбебап тұлға. Ол 60-тан астам елді аралап, он шақты тілді меңгерген полиглот, еліміздегі алғашқы йогиндердің бірі, халықаралық эсперанто тілін зерттеп, зерделеген, арнайы әліппесін әзірлеп, мектеп ашқан тұңғыш ұстаз. Осындай жан-жақты білім иесі бола тұра, ол ешқашан атақ пен даңққа ұмтылған емес, бар мақсаты – еліне адал қызмет етіп келеді. «Ұзақ жылғы еңбегімді ескеріп, осынау құрметті атаққа лайық көріпті. Әрине, өте қуаныштымын. Бұдан былай да мемлекетімізді нығайту мен ұлтымыздың рухын оятып, жағдайын жақсарту жолында аянбай еңбек етеміз. Ұлттық тақырыптағы шығармаларды жазуды жалғастыра береміз. Еңбегімізді елеп, ескеріп жатқан билік өкілдеріне алғысымыз шексіз. Әділдік пен адалдық – өмірлік ұстанымым. Ұлт мүддесі мен үшін ешқашан атаққа да, мансапқа да айырбасталмайтын қағидат», – дейді Марат Байділдәулы.

Ел тәуелсіздігі мен қазақ журналистикасының дамуына сүбелі үлес қосып, халқының болашағы үшін қалтқысыз қызмет етіп келе жатқан Марат ағамыздың еңбегі – ұлтқа адалдық пен қайсарлықтың үлгісі. Қаламгерді замандастары «қазақ публицистикасының ар-ұятына» балайды. Ол ешқашан мансап үшін, атақ үшін халық мүддесінен аттамаған, тек ұлтқа мінсіз қызмет еткен тұлға.

Кейіпкеріміздің азаматтық және қаламгерлік ұстанымы – өз заманының ғана емес, келер ұрпақтың да рухани темірқазығы болар тәлімді мектеп. «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағы – ұлтқа сол мінсіз қызмет пен адал еңбектің шынайы бағасы деп білеміз. Қайраткер атағы нағыз қайраткерге бұйырды. Мәртебелі марапат құтты болсын, әріптес!

Т.ДЕРБИСАЛИН.



БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ

Жуырда Алматыда «Ұлы дала ойындары» республикалық фестивалі өткені мәлім. Сондағы «аударыспақ» сайысына көрермендер арасынан бір жігіт суырылып ортаға шықты. Шықты да, белдескен үш жігітті де аттан аударып түсіріп, жиылған жұртты тәнті еткен еді. Бауыржан Әбдіқайым есімді бұл азаматқа көппен бірге қол соғып, өнеріне сүйіндік. Кейіннен тілдесудің де сәті түсті. Сонымен, қорғаныс саласындағы құрыштай берік азаматтың өміріне үңіліп көрдік.

ҚОРҒАНЫС САЛАСЫНЫҢ



Бауыржан Әбдіқайым – Қорғаныс министрлігінің Алматыда орналасқан Орталық спорт клубы жеке құрамының взвод командирі. 29 жастағы әскери қызметші 2017 жылдан бері осы іргелі ұжымда еңбек етеді.

АТ ЖАЛЫНДА
АРҚАЛАҒАН АРМАН

Бауыржан – Түркістан облысының Шәмші Қалдаяқов ауылының тумасы. Бес ағайынды жігіттің әкесі ауылда мал, жылқы ұстайды. Бауыржанның да ен салған аты, бәсіреге мінген «Күреңі», «Көкжалы» болған. Жылқыжанды жігіт жабырқаған сәттерінде соларға «мұңын» шағатын, үнсіз сөйлесетін. Қос атым маған рух, күш сыйлайтын дейді ол. Сондай жүйріктердің жалымен жарысып өскен бала спортшы болуды армандаған екен. Қазақша күресті жақсы көрді. Боз кілемді бағындырғысы келетін балаң арманы.

– Жасыратыны жоқ, ауылда біз секілді спортқа жан-тәнімен әуес балаларды дамытатын, жетелейтін, бағын ашатын мүмкіндіктер болған жоқ. Ал нағыз болашақ спортшылар қайнаған еңбектің, қара жұмыстың ортасында шыңдалып өсіп келе жатқан қарадомалақтар ауылда деп



ҚҰРЫШ ҰЛАНЫ

Әскери спортшы Бауыржан Әбдіқайымның өмірінен бір үзік сыр

сеніммен айта аламын. Менің ауылда қолым жетпеген сол армандарым қазір осы Алматыда орындалып жатқандай, – дейді спортшы Бауыржан Әбдіқайым.

«ҚҰРЫШ ҚАЛАЙ ШЫНЫҚТЫ?»

Білекті, жүректі жігіт қазір мегаполисте, еліміздің өзге де өңірлерінде өтетін, тіпті халықаралық марафондарда, спорттық, бұқаралық жарыстарда топ жарып жүр.

2018 жылы Алматы іргесіндегі Тамғалы тас шатқалында өткен Халықаралық IV «Tengri Ultra» марафонына қатысып, қаржылай сертификатқа ие болды. Көркем табиғат аясында жүгіруге әлемнің түкпір-түкпірінен 1500-ге жуық атлет келген болатын.

Одан соң 2019 жылы «Tun Run» түнгі жарысында бой көрсетті. Алматылықтар мен қала қонақтарына салауатты өмір салтын насихаттауды, бұқаралық спортты, туризмді дамытуды көздейтін және халықты дене шынықтыру мен спортпен белсенді айналысуға шақыратын бұл марафонның да өз артықшылығы бар. Қатысушылар дәстүр бойынша түн мезгілінде маңдайшам жарығымен Алматының тау баурайымен жүгіреді. Сол жылы сегізінші мәрте ұйымдастырылған «Tun Run–2019» түнгі марафонында 100-ге тарта қатысушының ішінен Бауыржан Әбдіқайым 2-орынды жеңіп алды.

Келер жылы өткен қазақстандық «Nomad Race–2020» экстремальды атлеттер жарысынан да табылды. Ал дәл осындай тікенді сымдар, тік қабырғалар, қолың оңайшылықпен іліге қоймайтын сусыған тұтқалар, батпақты шұңқырлар, тар тесіктен жедел шығу сияқты түрлі кедергіден өтуге арналған, төзімді мен сабырды, білегіңнің күші мен жүрегіңнің мықтылығын таразыға салатын 5 шақырымдық «Race Nation–2021» жарысында

жүзден жүйрік аталып, 3-орынға табан тіреді.

Бауыржан сол жылы қыста Шымбұлақ тау курортында өткен «Alpine Race–2021» турниріне де қатысты. Мұнда кілең әуесқой скайраннинг, ски-альпинизмнің жанкүйерлері жиналған болатын. Бұл жолы аяғына шаңғы байлап жарысқан Б.Әбдіқайым 400 атлеттің сапында өзінің төзімді, епті, сергек спортшы екенін тағы бір дәлелдеді.

Одан соң Халықаралық әскери спорт кеңесінің (CISM) қолдауымен шамамен, 40-қа жуық елден әскери спортшылар қатысқан «қазақ күресі» бойынша әлем чемпионатында да топ жарған.

Көктөбедегі «Медеу» шатқалының көкке шаншылған 842 баспалдағымен қос аяқтап секіріп, 17 минутта жеткені тағы бар. Сол баспалдақтармен 4 минут 50 секундта жүгіріп жеткен жоғары көрсеткіші де тіркелген.

ҰЛТТЫҚ СПОРТТАҒЫ
ҰЛТТЫҚ РЕКОРД

Отандық спортшы «Қошқар көтеру» ұлттық спорт түрінде де аса белсенді. 2023 жылғы Наурыз мейрамында 50 кг болатын қошқарды екі сағат ішінде 2050 рет көтеріп, ұлттық рекорд орнатқан. Бұл оның «қошқар көтерудегі» тоғызыншы жеңісі. Оған дейін де бұқаралық спорттық жарыстарда бұқаны 120 рет көтерген кезі де болған екен. Ауыр ұзын емен бөренелерді де екі иығына салып 30-40 мәрте көтеріп, жұртты тәнті еткені тағы бар.

2023 жылы Бауыржан 500 шақырымды жүгіріп өтіп, рекорд орнатуды мақсат еткен болатын. Табанды жігіт оған да жетті. Ол бұл марафонға бес айдан аса – аптасына үш реттен жаттыққан екен.

– Марафонымызды мамырда Қарағанды облысының Ақжал ауылынан бас-

тап, Астананың Бәйтерегіне дейінгі аралықты төрт жарым күнде жүгіріп өттім. Әр 100 шақырым сайын аялдап, кешкі тоғызда ұйықтап, таңғы төрт-бестерде қайта жолға шығып отырдым. Тіпті, сәл аялдап қалсам аяғымның сіңірі тартылып қала бергендіктен жүгіріп бара жатып да түстенген кездерім болды. Шын мәнінде мен үшін ауыр марафон болды. «Несіне бастап едім?!» деген ойдың да болғанын жасырмаймын. Бірақ Гиннес кітабына қазақтың жігіттері көптеп енуі керек деген мақсатым, маған сенген жандардың үміті қамшылай түсті. Сол жарысқа шығардан үш күн бұрын келіншегім үшінші баламды өмірге әкелген. Өмірге жаңа келген ұлыма үлгілі әке болам деген сенім де демеу болды. Сөйтіп, төрт жарым күнде 558 шақырымды артқа тастап келдім, – дейді Бауыржан Әбдіқайым.

Қайсар ұланның осы марафонының мәресінде Қорғаныс министрінің орынбасары, генерал-лейтенант Сұлтан Камалидиновтің өзі қарсы алып құттықтады. Енді Бауыржан дәл осы бағытта болашақта әлдемдік рекорд орнатуды көздеп отыр.

Жалпы, оның жаһандық деңгейдегі рекордтарды, басқалар не істеп жатыр екен деп бақылап отыратыны бар. Мүмкіндігінше ешкім істемеген, әлемді таңқалдыратын, сөйтіп қазақтың атын ойып тұрып жазатын рекорд орнату – арманы. Сондықтан жаттығудан бір қол үзбейді. Бір демалыста «Медеудің» баспалдағымен қос аяқтап жоғары қарай алты-жеті мәрте көтеріліп, төмен түседі. Келесі аптаның демалысында Алматы мен Қонаев арасына велосипед теуіп келеді. Солай жаттығады, солай шынығады.

Ең өкініштісі, ол өзіне қаржылық қолдау табу қиынға соғатынын айтады. Сондықтан озса қазақтың жігіттері озса екен деп, өз кеудесін өзі сүйреп келе жатқан Бауыржан Әбдіқайымға спорттық мансабына демеуші болатын қалталы азаматтар кезіксе ғой деген тілегіміз де жоқ емес.

Ұлттық намысты ту еткен Бауыржанның өзі – көпбалалы әке. Аяулы жары төрт баласын тәрбиелеп отбасының түтінін түтетіп отыр.

– Осыншама қара күшті пайдаланып, мәселені жұдырықпен шешетін кездеріңіз бола ма? – деп әзілдей сұрадық.

– О не дегеніңіз?! Спортты, күшімді көше төбелесіне қор қылмаймын. Жұбайыма қол көтеретіндерді де түсінбеймін. Әрине, мінсіз адам емеспіз, отбасы болған соң бізде де келіспеушіліктер орын алады. Бірақ еркек бойын ашу бұғанда сыртқа шығып кеткені дұрыс деп ойлаймын. Сонда бәрі дұрыс болады, – дейді Бауыржан отбасылық құндылықтар тұрғысындағы көзқарасын да жеткізіп.

Отандық спортшы әрі әскери қызметкер Бауыржан Әбдіқайымның өмірдегі портреті, міне, осындай!

Нұржамал
ӘЛІШ,
журналист.





«ҚАЙРАТ»

ҚАЗАҚСТАННЫҢ 5 ДҮРКІН ЧЕМПИОНЫ!

Футболдан Қазақстан Премьер-лигасының осы маусымдағы жеңімпазы Алматыда анықталды. Орталық стадионында ел біріншілігінің шешуші 26-туры аясында алматылық «Қайрат» елордалық «Астана» командасын қабылдады. Алаң қожайындары турнирлік кестеде 58 ұпаймен бірінші орында тұрды. Оларға чемпион атау үшін жеңістен бөлек, тең нәтиже де жеткілікті болды. Ал 56 ұпаймен екінші орында тұрған елордалық ұжымға міндетті түрде жеңіске жету қажет еді. Тәуелсіз Қазақстан тарихында алғаш рет ҚПЛ жеңімпазы соңғы турдағы өзара кездесуде шешілді.

Алматы мен Астана командаларының чемпиондық бәсекесінде Орталық стадиондалық толды. «Қайрат» пен «Астана» матчына билеттер сатылымға шыққан соң, санаулы сағаттарда сатылып, SOLD OUT жарияланды. Ойын күні жанкүйерлер Алматының басты спорттық алаңына қаланың түкпір-түкпірінен жиналды. Қазақстан Премьер-лигасының басты ойыны – тек еліміздің емес, шетелдік жанкүйерлердің де назарын өзіне аударды. Солардың бірі – Манчестер қаласынан келген танымал блогер және StuntPegg атты YouTube-арнасының авторы Нив Петруцциелло.

– Қазақстан туралы жақында ғана естідім, бірақ бәрін өз көзіммен көру қызық болды. «Қайрат» жайлы көп оқыдым. Өзім футболмен тыныстайтын қала – Манчестерденмін. Білемін, бірнеше жыл бұрын «Манчестер Юнайтед» «Астанамен» ойнаған. Енді «Қайрат» пен «Астана» ойынын көруге келдім, екеуі де өте мықты командалар, сондықтан ойын әсерлі болатыны анық, – деді Нив ойын алдында.

Ал Орталық стадионға алғашқылардың бірі болып келген 16 жастағы Тимур Мейрамғалиев ойынды көруге ата-анасы және інілерімен бірге арнайы ат басын бұрғанын айтты.

– Бүгінгі ойынды өткізіп алу мүмкін емес. Елдің ең мықты екі клубы кездеседі, бұл біздің мақтанышымыз. Әсіресе, өзім қатарлы Сәтпаевтың ойынын асыға күтіп жүрмін. Бүкіл отбасымызбен «Қайратты» қолдаймыз. Мен 8 жасымнан футболмен айналысамын, енді інілерім де бастады. Әкем бұрын ойнаған, футбол біздің отбасылық дәстүріміз. Футболға бір рет ғашық болсаң, ол өмірінің бөлшегіне айналады, – деді жанкүйер.

Бірінші тайм

Ел классикосында Италиядан келген мамандар төрешілік етті. Ойынның бас төрешесі – Маттео Маркетти болды. Қапталдағы көмекшілері – Валерио Коларосси мен Кристиан Росси болса, VAR жу-йесін Давиде Герзини бақылады. Матчтың алғашқы минуттарынан бастап алматылық команда допқа иелік етіп, қарсылас қақпасына қауіп төндірді. Алайда, «Астана» ойыншылары қорғаныста ұйымшылдық танытып, Йосип Чондрич тұрған қақпаға аса қауіпті соққы жасатпады. Керісінше, алаң қонақтары ойынның 15-минутында қарымта шабуылға шығып, «Қайрат» қорғанысының осал тұсын тапты. Елордалық шабуылшы Марин Томасов дәл соққымен есепті ашты. Ол биыл ел чемпионатының бірінші турында да алматылықтарға гол соққан еді. 22 жастағы «Қайрат» қақпашысы Темірлан Анарбеков алыс бұрышқа ұшқан допқа



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Рафаэль УРАЗБАХТИН, «Қайрат» футбол клубының бас бапкері:

– Үзіліс кезінде әңгіме жоғары дауыспен өтті. Бірінші таймдағы ойынымыз ұнамады. Қақпаға соққы аз, ал қарсылас қауіпті сәттерді көбірек жасады. Қарсыласты да мойындау керек. Олар бізге ойын тізгінін беріп, күтпеген тактика қолданды. Біз, керісінше, олар допқа көбірек иелік етеді деп ойлағанбыз. Бірақ олар бізді өз алаңдарына тартып алды. Сол қарымта шабуылдардың бірі арқылы гол соқты. Үзілісте ойыншыларға: «Бұлай болмайды. Жанкүйерлердің алдында бұлай ойнауға хақымыз жоқ. Бүкіл стадион бізді қолдауға келді, біз жеңілмеуіміз керек» деген сөздер айтылды!

Бастысы, чемпион болғанымызға өте қуаныштымыз. Барлық жанкүйерлерді осы жеңіспен құттықтаймын! Бұл біз үшін тарихи күн – «Қайрат» алғаш рет қатарынан екі рет чемпион атанды. Біз осы жетістікке мақсатты түрде ұмтылдық. Ойыншыларға үлкен алғыс айтамын, бұл олардың еңбегінің жемісі. Қажырлы еңбек өз нәтижесін береді. Біз өте қуаныштымыз!

барынша секіргенімен, оған жете алмады. Өз алаңында басты қарсыласына есе жіберіп жатқан Рафаэль Уразбахтин шәкірттері бірінші таймның аяғына дейін «Астана» қақпасынан саңылау іздеді. 40-минутта Офри Арадты «Қайрат» академиясының түлегі Дамир Қасабулат алмастырды. Алайда, елордалық команданың қорғанысы сыр бермеді. Қайта 43-минутта бұрыштама добынан кейін қақпаға дәл бағытталған допты Анарбеков қайтарып, қарсыластың есепті есе-леуіне мүмкіндік берген жоқ.

Үзіліс және марапат

Алматыда өтіп жатқан тартысты ойынды жанкүйерлермен бірге алғашқы минуттардан бастап қазақстандық футболдың ардагерлері мен қала әкімі Дархан Сатыбалды тамашалады. Ал ойын үзілісі кезінде шаһар басшысы 2025 жылғы маусым қорытындысы бойынша «Қайрат» академиясының тәрбиеленушілерін марапаттады. Клуб тарихында алғаш рет академияның барлық жас командасы өз лигаларында чемпион атанды.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҒЫЛЫ.

Екінші тайм

Ойынның екінші жартысында алаңға «Қайрат» тарапынан шабуылшы Эдмилсон қосылды. Ол 20-шы нөмерлі Еркін Тапаловты алмастырды. Бойшаң бразилиялық футболшы алаңға шыққан кейін ойын өрнегі өзгерді. Ол әуелете ұшқан допты әріптестеріне жеткізіп, өткір шабуылдарға жол ашты. Матчтың 55-минутында Эдмилсон жоғарыдан берілген пасты Валерий Громыкоға түсіріп берді. Осы кезде айып алаңында «Астана» қорғаушылары мен «Қайрат» шабуылшылары арасында тартыс басталып, доп Дастан Сәтпаевқа қарай ытқыды. 17 жастағы ойыншы бұл мүмкіндікті мүлт жібермей, жойқын соққымен гол соқты. Сәтпаевтың осы маусымдағы 14-ші голы алматылық ұжымды турнирлік кестеде қайтадан алға шығарды.

Айта кеткен жөн, биыл бірінші турдағы «Астанаға» қарсы ойында Дастан чемпионаттағы алғашқы голын соққан еді. Есеп теңескен соң, жігерлене түскен «Қайрат» ойыншылары тағы бірнеше рет қауіпті Чондрич қақпасына шабуыл жасады. Дегенмен, кейде дәлдік, кейде сәттілік жетіспеді. Ойын соңында чемпиондық уысынан шығып бара жатқан елордалықтар барынша жеңіс голын соғуға тырысты. 90+4 минутта бұрыштама добынан кейін Марин Томасов қақпаға 1 метрдей жерден тікелей соққы жасады. Алайда, доп қақпаның маңдайшасына тиіп, алаң сыртына кетті. Тартысты ойын 1:1 есебімен аяқталды. Оның нәтижесі бойынша «Қайрат» 59 ұпай, ал «Астана» 57 ұпай жинады.

Осылайша алматылық команда қатарынан екінші рет және өз тарихында бесінші рет Қазақстан чемпионы атанды. Бұған дейін команда 1992, 2004, 2020, 2024 жылдары ел біріншілігін жеңген болатын. Матч аяқталған соң, «Қайрат» ойыншылары Орталық стадионда марапатталып, алаң ортасында чемпиондық кубокты көтерді. Ал Көктөбе мұнарасы алматылық команданың түстеріне боялып, «маусым үшін рахмет» деген жазу пайда болды. Екінші жыл қатарынан жеңіске жеткен «Қайрат» тағы да Чемпиондар лигасына жолдама алды. Команда осы маусымда енді сырт алаңда «Интер», «Копенгаген», «Арсеналмен», ал Алматыда «Олимпикаос» және «Брюггемен» кездеседі. Ал 2026 жылдың жазында УЕФА Чемпиондар лигасының іріктеу кезеңіне қатысады.

Өзге қазақстандық клубтардың нәтижесін тоқталып өтсек, Премьер-лиганы екінші орында аяқтаған «Астана» УЕФА Конференциялар лигасына қатысып, еурожарысқа іріктеуді екінші кезеңнен бастайды. Ал чемпионатта үшінші және төртінші орын алған – «Тобыл» мен «Елімай» УЕФА Конференциялар лигасына іріктеуді бірінші кезеңнен бастайды. 16 ұпаймен ел біріншілігін соңғы орында аяқтаған «Тұран» келесі маусымда футболдан Қазақстан Бірінші лигасына өнер көрсетеді. Ойыншылар жеке нәтижелері бойынша «Астана» шабуылшысы Грипши 16 голмен чемпионаттың үздік сұрмергені атанды. Одан кейін 14 гол соққан «Қайрат» шабуылшысы Дастан Сәтпаев тұр. Үздік үштікті 12 голмен Марин Томасов түйіндеді.

Бетті әзірлеген
Досбол АТАЖАН.





Алматыдағы Ұлттық ұлан сарбаздары «Ашық есік» күні ата-аналарымен жүздесті. Кеңес Одағының Батыры, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлы атындағы 5571 әскери бөлімінде өткен іс-шара Республика күні құрметіне арналған.

ӘСКЕР – АНАЛАР КӨЗІМЕН

Ұлттық ұланда
«Ашық есік» күні өтті

А Нұржамал ӘЛІШ

«Әскер – аналар көзімен» республикалық акциясы аясында ұйымдастырылған іс-шараға «Аналардың жүрегі» сарбаз аналары комитетінің төрайымы Татьяна Тропина да қатысты. «Ашық есік» күні саптық алаңда салтанатты түрде басталды. Мерекелік іс-шараны бөлім командирі, полковник Мақсат Баймағұлов ашып, қатысушыларға ізгі тілегін білдірді. Бұдан кейін ата-аналар әскери бөлімнің инфрақұрылымымен танысты. Қонақтарға әскери техника мен қару-жарақ үлгілері көрсетіліп, сарбаздардың жатын орындарын, медициналық пунктті, монша және асхананы аралатты. Әскери бөлім басшылығы мен заңгерлері ата-аналармен ашық сұхбат өткізді. Онда әскердегі құқықтық тәртіп, әскери қызметшілердің құқығы мен қауіпсіздігі жөнінде толық мәлімет берді. – Мұндай іс-шаралар ата-аналар мен әскери бөлім арасындағы байланысты нығайтады. Біз баламыздың жақсы жағдайда, сенімді қолда екенін көріп, көңіліміз жайланды. Әскери бөлімнің ашық әрі сенімді жұмысына және командирлер мен бүкіл жеке құрамға алғысымызды білдіреміз, – деді қатардағы Жігер Бақыткерейдің анасы Рима Саматқызы.

ҚОҒАМ

ЭКСТРЕМИЗМГЕ ЖОЛ ЖОҚ!

№141 мектепте ақпараттық-түсіндірме жұмыстары жүргізілді

Зайырлы мемлекеттегі құқықтық қоғамды қорғауда діни экстремизм қаупін ұдайы естен шығармау маңызды. Қоғамдағы діни экстремизм қаупі, көбінесе, діннің мақсаты мен мәні туралы толық әрі дұрыс білімнің болмауынан туындайды. Сондықтан қоғамға, әсіресе, білім беру мекемелерінде жас ұрпаққа бұл бағытта дұрыс тәрбие беру, ақпараттандырудың маңызы айрықша.

А Рая ЕСКЕНДІР

Осыған сай, Әуезов ауданының №141 жалпы білім беретін мектебінде діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуға бағытталған ақпараттық-түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, арнайы жиын өтті. Іс-шараға Алматы қаласы Дін істері басқармасының ақпараттық-түсіндіру тобының мүшесі, дінтанушы және саясаттанушы Айдана Әубәкірова, Абай университетінің аға оқытушысы Дидар Мамырбаев қатарлы мамандар арнайы сабақ өткізді. Іс-шараны мектеп директорының оқу жөніндегі орынбасары Г.Садырбаева мен тарих пәні мұғалімі С.Дауылбаева бас болып жүргізіп, оқытушылар құрамы мен жоғары сынып оқушылары қатысты.

Іс-шарада жас ұрпақтың ұялы телефонға тәуелді болуы діни экстремизм насихатына ұшырауына басты себептердің бірі екені сөз болды. Әдетте, жас-

өспірім ондағы ақпараттың шын-жалғанына мән беріп кетпейді. Қолжетімді болған соң да кез келген адам қалаған ақпаратын жүктей алады. Оның барлығын жүйелеп отыру ауқымды шаруа. «Бұл ешқандай діни экстремистік топтармен тікелей қарым-қатынасыз жат ағымдардың идеологиясына шырмалудың қаупін күшейтеді. Сондықтан мәселемен қоғам болып ортақ күресу қажет», – дейді дінтанушы Дидар Мамырбаев.

Айдана Төлегенқызы іс-шара барысында:

– Экстремизм мен терроризмнен ұлттық қауіпсіздікке төнетін қатер мол. Терроризм, экстремизм және ұйымдасқан қылмыс жекелеген елдерге емес, бүкіл әлемдік қауымдастық үшін қауіп-қатер саналады. Мұндай көріністерге қарсы күрестің негізгі бағыттарының бірі – оның алдын алу, қоғамды ақпараттандыру. Осы бағыттағы профилактикалық жұмысты жастар мен жасөспірімдер арасында жүргізу өте маңызды. Себебі, олардың діни көзқарасы жүйелі талдауды қажет етеді, – деген пікірін ортаға салды.

Іс-шарада мамандар оқушыларға радикалды ағымдардың басты белгілерін ажырату жолдары көрсетілді. Әлеуметтік желі мен интернеттегі жалған діни үгіт-насихатқа қарсы тұрудың мән-маңызы талқыланды. Сонымен қатар, мамандар зайырлы қоғам ұстанымдарын сақтау, толеранттылық пен бейбітшілік құндылықтарын насихаттаудың қоғам тұрақтылығындағы рөлін атап өтті. Кездесу барысында 9-10-сынып оқушылары тақырып аясында дайындаған сахналық көріністерін ұсынды.

ЕЛ АУМАҒЫНДА 16 ЕСІРТКІ ЗЕРТХАНАСЫ ЖОЙЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақордада Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаевты қабылдады. Ведомство жетекшісі ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында жыл басынан бері атқарылған жұмыс нәтижелері мен алдағы кезеңге арналған міндеттері жөнінде есеп берді.

ҰҚК мен Ішкі істер министрлігімен бірлескен шаралар нәтижесінде 17 қылмыстық топ құрықталып, олардың 244 мүшесі ұсталды. 96 адам қамауға алынды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

«ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП»

10 қазаннан бастап Азаматтардың қаржылық қауіпсіздікке деген танымын арттыру мақсатында республикалық диктант-тест жобасы өтуде. Алматы қаласындағы жоғары оқу орындарының студенттері республикалық жобаға белсенді қатысты.

ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚАТЫСТЫ ДИКТАНТ-ТЕСТ ӨТКІЗІЛДІ

А Дана БОЛАТҚЫЗЫ

Диктанттың мақсаты – азаматтарды алаяқтық схемаларға тартудың алдын алу, сондай-ақ қаржылық қауіпсіздік қағидаттары туралы танымын арттыру. Қатысушылар өз білімдерін тексеріп қана қоймай, диктанттан өткені туралы сертификат алады. Алматы қаласы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаментінің басқарма басшысы Абылай Мырзахановтың айтуынша, Қаржылық қауіпсіздік бойынша республикалық диктант-тест 10–20 қазан аралығында өтеді. «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясындағы бұл жобаны Қаржылық мониторинг агенттігі, Halyk Bank пен «AMANAT» партиясының «Қарызсыз қоғам» жобасының қолдауымен жүзеге асырған. – Диктант-тест онлайн форматта өтті. Тест сұрақтары түрлі



деңгей бойынша дайындалған, сондықтан әр қатысушы өз білімін тексеріп, пайдалы ақпарат ала алады. Диктантты аяқтаған әр қатысушыға атаулы сертификат табысталады. Ең жоғары нәтижеге қысқа уақытта қол жеткізгендер Halyk Bank-тің арнайы сыйлықтарына ие болады, – дейді Абылай Мырзаханов.

Диктант-тестке Алматы қаласының 6 мыңнан астам тұрғыны, соның ішінде жетекші ЖОО-ның студенттері қатысты. Мұндай іс-шаралар «Заң және тәртіп» қағидатын іске асыруға және жастар арасында жауапты қаржылық мінез-құлықты қалыптастыруға ықпал етпек.

ЖАСАМПАЗ ЖЫЛДАРДЫҢ ЖАРҚЫН ЕСТЕЛІГІ

Қазақстан Республикасы күні мен үшін ерекше мәнге ие. 1991 жылы Кеңес Одағы ыдыраған кезде Алматы қаласындағы Мәскеу аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болып істедім. Бұл – үлкен өзгерістердің, толқулар мен үміттердің уақыты еді. 1990 жылы Қазақ КСР-і Мемлекеттік егемендік туралы декларацияны қабылдады, ол ел тәуелсіздігінің бастауы болды. Ал 1991 жылы 7 қыркүйекте Алматыда Қазақ коммунистік партиясының XVIII төтенше съезі өтті. Бұл – партия тарихындағы соңғы съезд еді. Сол съезде партия таратылды. Осылайша мен де, менің көптеген әріптестерім сияқты, жұмыссыз қалдым. Ескі жүйе кетіп, жаңа дәуірдің басталып келе жатқанын сездік.

Жаңа қызметтің алғашқы қадамдары

Сол уақытта қала аудандарында бұрынғы еңбекпен қамту бюролары жұмыспен қамту орталықтарына айнала бастады. Мені Алматы қаласы Еңбек, жұмыспен қамту және көші-қон басқармасының бастығы Амангелді Нұрланов шақырып, Мәскеу аудандық Жұмыспен қамту орталығының директоры қызметін ұсынды. Барлығын нөлден бастау керек болды. Ғимарат іздеу, кадр жинау, жұмысты ұйымдастыру. Аудандық атқару комитеті кезінде өзім еңбек еткен №12 техникалық училищенің бір бөлігін берді. Ұжымның көпшілігі бұрынғы партия қызметкерлерінен құралды.

Біздің алдымызда алғашқы маңызды міндет – Мәскеу ауданының жұмыспен қамту бағдарламасын әзірлеу тұрды. Статистикалық деректер жеткіліксіз болды. Соған қарамастан, біз аудандық атқару комитетінің экономика бөлімінің мамандарымен бірігіп, бағдарламаны дайындап шықтық. Кейін осы аудандық бағдарлама негізінде қалалық, ал содан соң республикалық бағдарлама жасалды. Біз қалалық алғашқы бос жұмыс орындары жәрмеңкесін өткіздік, аудан кәсіпорындарымен тығыз байланыс орнатып, жұмысшылардың қысқаруын талдадық. Қызу жұмыс жүріп жатты.

Күтпеген сынақ

Көп ұзамай мені Еңбек министрлігі жанындағы Жұмыспен қамту басқармасы ұйымдастырған республикалық орталық директорларының семинарына жі-



берді. Жаңа заңдағы практикалық сұрақтарға жауап аламын деп үміттенгенмін, бірақ олай болмады. Семинардың соңғы күнінде мен ұсыныс білдірдім: «Келесі жолы заңның авторларын шақырыңыздар. Біз заң мәтінін ғана емес, оның іске асу тәжірибесін де талқылауымыз керек. Мемлекет – түбі жоқ бөшке емес, қаржыны орталықтарды техникамен, компьютермен, факспен және байланыс құралдарымен жабдықтауға бағыттау қажет», – дедім.

Семинар ортасында Еңбек министрі Саят Бейсенов отырғанын білмеген екенмін. Кейін Бас басқармадан қоңыраулар келіп, маған жұмыстан кету өтінішін жазуға тура келді.

Министрмен кездесу

Келесі күні мен Саят Дүйсенбайұлының қабылдауына бардым. Министр маған қарап күлімдеп: «Мынадай өжет баланы қайдан таптық?», – деді. Сосын менің Өзбекәлі Жәнібековпен бірге жұмыс істегенім жайында сөз етті. Мен бірден асыра айтылған пікірім үшін ғафу өтіне отырып, біздің орталықтың жұмысымен танысуын сұрадым. Министр бірден келісті. Орталықпен танысу кезінде Саят Дүйсенбайұлына ғимараттың сыртқы келбеті, кеңселердің ұқыптылығы және ақпараттық стендтердің мазмұны айрықша ұнады.

Баяндамамнан кейін министр: – Мен бұл адамды жұмыстан босатқалы жүрген едім ғой, – деп күлді де,

соңында ертең таңертең менің кабинетімде бол, – деп қосып қойды.

Келесі күні біз бірге Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігіне бардық. Сол жерде менің жаңа қызметім келісілді. Министр менен қай салада өзімді пайдалы етіп көрсете алатынымды жазып беруді сұрады. Мен жұмыспен қамту қызметінің үйлестіру жүйесін жетілдіру кадрлық әлеуетін қалыптастыру және материалдық-техникалық базасын дамыту ісін ұсындым.

Сол күні-ақ Еңбек министрлігінің алқасында Саят Дүйсенбайұлы мені Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің Жұмыспен қамту бас басқармасы бастығының орынбасары ретінде таныстырды. Осы сәттен бастап өмірімнің жаңа, жауапты кезеңі басталды.

Кәсібиліктің және адамгершіліктің үлгісі

Жұмыстың қауырт кезеңдері еді. Кейде жұмыс сапарларында ұшақта ғана ұйықтай алатынбыз. Осылайша республика бойынша жұмыспен қамту орталықтарының материалдық-техникалық базасын қалыптастырдық. Барлық орталықтар көлікпен, компьютермен, жиһазбен және қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді.

Есімде ерекше қалған жоба – Германиядан шығарылған әскери қызметшілерді қайта даярлау бағдарламасы. Келісім бойынша неміс тарапы оқу орталықтарына арналған құрал-жабдық орнатуға қаржы бөлген еді. Қазақстан бес жыл ішінде нысанды дайындауы тиіс болатын. Алайда, бюрократиялық кедергілерге байланысты екі жылды жоғалтып алдық. Ақырында неміс тарапы өз міндеттемелерінен бас тартатынын хабарлады. Бірақ біз істі соңына дейін жеткізуге бел будық. Менің ұсынысым бойынша министрге Еңбекшіқазақ ауданының Түрген ауылында ет және сүт өнімдерін қайта өңдеу бағытында әскери қызметшілерді қайта даярлауға арналған оқу орталығын салу туралы жазбаша ұсыныс жолданды. Саят Дүйсенбайұлы тәуекелге барып, мәселені Президентке жеткізді және қолдау алды. Нәтижесінде 1995 жылы оқу орталығы пайдалануға берілді.

Бұл күнде Саят Дүйсенбайұлы Бейсеновті терең құрметпен еске аламын. Ол – жоғары мәдениеттің, кәсібиліктің және адамгершіліктің үлгісі еді. Марқұмның жаны жәннатта, иманы жолдас болғай!

Бахтияр КАМАЛОВ,
мемлекет және қоғам қайраткері.

Базархан ТӨЛЕГЕНҰЛЫ,
«Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері:

ШЫНАЙЫ ЕҢБЕКТИҢ ЖЕМІСІ МОЛ БОЛАДЫ

Республика күні қарсаңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елдің дамуына үлес қосқан азаматтарды марапаттады. Солардың қатарында – 53 жылдық еңбек өтілі бар, 16 жыл бойы Алматы қаласының тазалығына үлес қосып келе жатқан қарапайым еңбек адамы, тракторшы Базархан Орумбаев та бар. Ақорда төрінде «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған ағамызбен аз-кем әңгімені «Ақшам» оқырманына ұсындық.

– Базархан аға, марапатыңыз құтты болсын! Президенттің қолынан төсбелгі алу сәтінде қандай сезімде болдыңыз?

– Рахмет, айналайын! Шынымды айтсам, аздап толқыдым. Қайткенмен де, Президент қой! Суретке түсіп, қолын алдық – соның өзі зор мәртебе, үлкен құрмет. Қарапайым еңбек адамдары үкіметтің, елдің назарында екеніне, жұмысымыздың бағаланғанына қуандым. Бұл енді менің ғана емес, менімен бірге еңбек етіп жүрген барша әріптестерімнің еңбегіне берілген баға деп білемін.

– Өзіңіз жайында қысқаша айтып беріңізші. Жалпы, еңбек жолыңыз қалай басталды?

– Еңбек жолымды 1972 жылы Семей облысының Расцвет колхозында бастадым. Бір жылдан кейін трактор тізгінін ұстадым. Әскерден кейін де осы мамандық бойынша жұмысымды жалғастырдым. 1978 жылы отау құрдық, жұбайым екеуміздің шаңырақ көтергенімізге 47 жыл толып отыр. Бір ұл, бір қыз тәрбиеледік, екеуі де өз саласы бойынша қызмет етіп жүр. Алматыға қоныс аударғаннан кейін

«Алматы тазалық» кәсіпорнында жұмыс істеп келемін. Мінеки, келесі жылы 70-ке келемін, жалпы еңбек өтілім – 53 жыл, соның 16 жылы «Алматы тазалық» кәсіпорнында өтті.

– Тазалық сақтау – қала өмірінің айнасы. Бұл істің қиындығы мен жауапкершілігі туралы не айтасыз?

– Иә, біздің жұмыс сырт көзге қарапайым әрі жеңіл көрінуі мүмкін, бірақ жауапкершілігі өте жоғары. Қиындығы – ауа райына қарамай жұмыс істейсің. Күзде жапырақ төгіледі, қыста қар басады – бәрін дер кезінде тазалау керек. Кейде таңнан кешке дейін, тіпті түнде де еңбек етеміз. Бірақ соның бәрін ұмыттыратын бір уақыт бар, ол қала көшелерінің тап-таза, көрікті кейпін көру. Сол сәт бәріне тұрарлық.

– Ұжымыңыз туралы не айтасыз? Бір жерде ұзақ еңбек етудің сыры неде деп ойлайсыз?

– Қазіргі таңда «Алматы тазалық» МҚК-ның Алматы ауданы бойынша бөлімшесінде жұмыс істеймін. Бөлімшені Еркебұлан Байсариєв деген азамат басқарады. Ұжымымыз өте ұйымшыл. Бір үйдің



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

баласындай сыйластық бар. Ұзақ жыл бір ортада қызмет ету – мен үшін үлкен бақыт. Ұжымдағы татулық пен өзара құрмет адамға жігер, өмірге мән кіргізеді, жұмысыңа да береке береді. Жасымыз үлкен болған соң, жастарға ақыл-кеңесімізді беріп, бағыт-бағдар көрсетеміз. Менің пайымымда, адамды адам еткен – адал еңбек. Өйткені, адал еңбек – барлық жетістіктің бастауы. Не істесең де шын ниетпен істеу керек, шынайы еңбектің жемісі мол болады.

– Аға буын ретінде жастарға қандай кеңес бересіз?

– Ең бастысы – жұмысына адал болсын. Еңбек еткен адам ешқашан ұтылмайды. Әркім өз ісін жауапкершілікпен атқарса – еліміз де алға басады.

– Алматы сіздің өміріңізде қандай

орын алады? Қаланың тазалығы үшін тер төккенде, тұрғындардың қолдауын сезесіз бе?

– Алматы менің екінші туған үйімдей болған құтты мекен десем, артық емес. Осы қалаға келіп, өз еңбегіммен көп жыл қызмет етіп келемін. Күн сайын Алматының көркейіп, ажары артып келе жатқанын көру – мен үшін үлкен қуаныш. Қала тұрғындары да жұмысымызды бағалай біледі. Таңертең қар тазалап жүргенімізде алғыс айтып өтетіндер көп. Сол жылы сөздер – біздің еңбегіміздің ең үлкен марапаты.

– Әңгімеңізге рахмет. Отбасыңызға амандық, еңбегіңізге жеміс тілейміз.

Сұхбаттасқан
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



МАРАПАТҚА ЛАЙЫҚ МАМАНДАР

Өндіріс пен сапаның дәнекершісі



Айбек Айтбекұлы Еселбаев – Батыс Қазақстан облысы, Казталов ауданының тумасы. Жастайынан еңбекқор болып өскен ол өмір жолын адал маңдай термен қалыптастырды. Алғашқы мамандығы – жиназ әрлеу мен өңдеу.

Бұл кәсіп – төзімділік пен ұқыптылықты талап ететін, әрбір бөлшегінде адамның көз майы мен қол шеберлігін қажет ететін сала. Әуелде жиназ өндірісінде шыңдалып, тәжірибе жинақтағанымен, уақыт өте келе үлкен өндірістік саланың тынысын сезінгісі келді.

Осылайша Айбек өзінің жаңа бағытын көлік құрастыру өнеркәсібімен байланыстырды. Бүгінде ол – Қазақстандағы ең ірі өндіріс орындарының бірі ASTANA MOTORS HYUNDAI Trans Kazakhstan зауытында дәнекерлеу цехының бригадирі. Осы қызметте Алматы қаласының Ішкі саясат басқармасының қолдауымен, ол жыл сайын шамамен 1500–2000 көліктің дәнекерлеуін бақылап, 10–15 жұмысшыны тікелей үйлестіріп, өндірістің тоқтаусыз әрі тиімді жүруіне үлес қосуда.

Айбек бұл зауытта 3 жылдан аса уақыт бойы еңбек етіп келеді. Осы аралықта ол тек қана өз ісінің шебері емес, ұжымына қамқор жетекші бола білді. Бригадир ретінде әріптестерінің жұмысын үйлестіріп, сапаны қадағалап, өндірістің тоқтаусыз әрі тиімді жүруіне атсалысады. Оның тәлімгерлігі арқасында осы уақытта 50–60 жаңа қызметкер кәсіби шеберлікті меңгерді.

– Ерекше оқиғалар өте көп, бірақ ең бастысы – күнделікті жасап жатқан еңбегіміздің өзі біз үшін мақтаныш. Біз шетелдік зауыттардан кем түспейтін көліктерді өз елімізде құрастырып жатырмыз. Бұл – Қазақстанның қарқынды дамып келе жатқандығының нақты дәлелі, – дейді ол.

Осы сөздің астарында үлкен мән бар. Себебі, отандық көлік өндірісі – ел экономикасына тың серпін беріп қана қоймай, халықтың да сенімін нығайтты. Қазақстандықтардың өз қолымен құрастырылған көлікті мініп жүруі – тәуелсіздіктің, өнеркәсіптік өркендеудің жемісі.

Айбек Еселбаев – болашаққа нық сеніммен қарайтын азамат. Ол күнделікті еңбектің, әрбір құрастырылған көліктің артында тұрған 300–400 қазақстандық жұмысшының маңдай теріне негізделген сенім. Айбектің өзі сияқты еңбекқор азаматтардың тынымсыз ісі – ерленгі Қазақстанның индустриялық келбетін қалыптастырып отыр.

Қазіргі таңда көлік өндірісі – Қазақстан экономикасының дамуының нақты көрінісі. Бұл сала тек темір мен механизмді құрастыру ғана емес, ол – елдің өркендеуіне үлес қосатын үлкен міндет. Айбек Еселбаев сынды азаматтар – осы міндеттің алдыңғы шебінде жүрген қайсар жандар.



Жәдігерлер жанашыры

Сафия Аязбаева Түркістан облысы, Келес ауданы, Ораза-ата ауылында дүниеге келген. Жастайынан тарих пен мәдениетке ерекше қызығушылық танытып, сол бала арманның жетегінде Тарих факультетінің «Археология» кафедрасында «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығы бойынша білім алды. Осылайша болашақ кәсіби жолына нық қадам басты.

Сафия Бөлтекқызының еңбек жолы 2006 жылдың қазан айында Орталық Мемлекеттік музейде басталды. Алғашқы қадамын этнология бөлімінде қор сақтаушы ретінде жасап, ол бұл істің қаншалықты жауапты екенін жан-тәнімен сезінді. Әрбір жәдігердің артында ғасырлар сырын сақтаған тарих жатқанын біліп, өз жұмысын ерекше ыждағатпен атқарды. Ізденімпаздығы мен табандылығының арқасында экскурсия ұйымдастыру және экскурсия жүргізу бөлімінде жоғары дәрежелі маман атанды. Қазіргі таңда ол этнология бөлімінің кіші ғылыми қызметкері ретінде өз тәжірибесін жетілдіріп, музей ісін дамытуға өлшеусіз еңбек сіңіріп келеді.

Жиырма жылға жуық үздіксіз ең-

бек – үлкен жауапкершіліктің, нағыз адалдықтың көрсеткіші. Сафия ханым үшін музей – тек жұмыс орны ғана емес, жүрек қалауымен таңдалған өмірлік жол. Ол әрбір жәдігерді болашақ ұрпаққа жеткізуді қасиетті борыш санайды. Сафия өзінің кәсіби тәжірибесін қоғаммен бөлісуге қашанда ынталы. Әртүрлі телеарналарға сұхбат беріп, тарихи мұралардың құны мен маңызын ұдайы түсіндіріп отырды. Алматы қаласының Ішкі саясат басқармасының қолдауымен ол музей ісінің қоғамдағы орнын кең аудиторияға танытып, 50 мыңнан астам адамға тарихи мұраның маңызын насихаттады. Бұл арқылы ол музей ісінің қоғамдағы орнын кеңінен ашып көрсетіп, ұлттық мұрамызды насихаттауға үлкен үлес қосты.

Сафия Бөлтекқызы музей ісінің жаңа дәуірін айқын көреді. Оның айтуынша, заманауи технологияларды пайдалану – уақыт талабы. Виртуалды экскурсиялар, 3D экспозициялар, сандық архивтер мен QR-код арқылы толыққанды ақпарат беру музейлердің қолжетімділігін арттырып, оларды жастар мен туристер үшін тартымды етеді. Интерактивті экрандар мен мультимедиа құралдарының енгізілуі – музейді тек жәдігер қойылған орын емес, білім мен жаңашылдықтың орталығына айналдырады.

Сондай-ақ, музейлер тек тарихты сақтап қана қоймай, ғылыми-зерттеу және ағартушылық бағытта да дамуы тиіс. Университеттермен бірлескен жобалар, мектеп оқушыларымен серіктестік бағдарламалар – жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беріп, тарихи сананы қалыптастырудың басты жолы.

Аязбаева Сафия Бөлтекқызы – өз ісіне адал, музей саласында аянбай еңбек етіп жүрген тұлға. Оның кәсіби тәжірибесі, рухани мұраға деген шексіз құрметі мен болашаққа деген нық сенімі – Қазақстан музей ісінің жаңа белестерге көтерілуіне жол ашары сөзсіз.

Темірден түйін түйген шебер



Еркін Исабеков 1973 жылдың 4 маусымында Жетісу облысы, Қаратал ауданы, Кәлпе станциясында дүниеге келген. Қарапайым ауыл өмірінің ыстығы мен суығында шыңдалып, адал еңбек еткен ата-анасының өмір жолынан тәлім алып өсті. Жастайынан қолы епті, еңбектің қадірін түсінген ол әр істі ыждағатпен атқаруды үйренді.

Еркін Шойұлы Үштөбе қаласындағы №51 мектепті ойдағыдай тәмамдаған соң, асқақ арманын арқалап Алматыға жол тартты. Осы қалада ол болашақ өмірінің картинасын өз қолымен сызды. Өзінің еңбексүйгіш, епті де икемділігімен дәнекерлеу мамандығын шебер игерді. Алматыдағы Орта кәсіптік-техникалық училищесінде ол бұл мамандықты кәсіби тұрғыда меңгеріп шықты.

«Студенттік жылдардағы бір естелік ерекше ойға оралады. Арнайы технология пәнін әйел мұғалім жүргізетін. Қызығы сол, ол кісі қолына маска ұстап, дәнекерлеп көрмегенімен, әрбір процесті сондай нақтылықпен түсіндіретін. Металл қызғанда осылай болады, оттың түсі бұлай өзгереді деп, көз алдыңа елестетіп беретін. Сабағы сондай әсерлі еді, бейнебір өндіріс орнында тұрған-

дай күй кешетінсің», – дейді студенттік шақты еске алғанда.

Уақыт өте келе Еркін Шойұлы сол ұстазының айтқандарын тәжірибеде қолданып, нәтижесін көрді. Бұл – шынайы ұстаздықтың күші, адал білімнің құдіреті. Училищені тәмамдаған соң Еркін еңбек майданына кірісті. Бүгінгі күнге дейін қолынан маскасын, дәнекерін тастаған емес. Күн сайынғы еңбегінде ол темірді иіп, болатты бағындырады. Қарапайым көзге дәнекерлеу – тек от пен темірдің шарпысуы сияқты көрінуі мүмкін. Ал шын мәнінде, ол – үлкен жауапкершілік, аса мұқияттылықты талап ететін іс. Темірдің әрбір жігі, әрбір қоспасы – болашақтағы қауіпсіздік, бүтіндік, берік тірек. Еркін үшін бұл тек мамандық емес, өмірлік өнер, тіпті тағдырдың өзімен таңдалған жол.

Кейін келе ол 6-разрядты газэлектр-дәнекерлеуші атанды. Бұл деңгей – жәй ғана атақ емес, еңбектің шыңы, шеберліктің биік көрсеткіші. Ондай разрядқа кез келген адам жете бермейді, ол үшін жылдар бойы төккен терің, сіңірген еңбегің, жинаған тәжірибең керек. Еркін осының бәрін абыроймен еңсерді. Ол аз сөйлеп, көп іс тындырғанды ұнататын жан. 30 жылдан астам уақыт ішінде ол жүздеген нысанның құрылысына қатысып, 500-ден аса жобадан қолтаңбасын қалдырды. Оның еңбегімен салынған ондаған тұрғын үй, өндірістік ғимарат пен әлеуметтік нысандар бүгінде халыққа қызмет етіп тұр. «Менің еңбегім халыққа пайдасы тисе болды» деген қарапайым қағиданы ұстанып келеді.

Еркін Шойұлы – темірді иіп, отты бағындырып, өмірін маңдай терімен өрнектеген нағыз еңбек ері. Оның өмір жолы – бір қарағанда қарапайым көрінуі мүмкін, бірақ шын мәнінде асқақ рухтың, табандылықтың, адалдықтың айнасы.

Жолаушының алғысын алған жүргізуші



Айдарбек Дәулетбаев – Кентау қаласының тумасы. Кішкентайынан өзгелерге көмек көрсетуді өз қуанышына балаған ол еңбекқорлығымен де айналасының алқауын алып өскен. 2001 жылы Отан алдындағы әскери борышын өтеп, қоғамдық көлік жүргізушісі болып еңбек жолын бастаған.

Сол кезден бастап 20 жылдан астам уақыт бойы ол автобустарды сенімді, қауіпсіз және уақытылы басқару ісін жан-тәнімен атқарып келеді. Әскери борыштан кейінгі өмір жолы оның табандылығын, сабырлылығы мен кәсіби шеберлігін шыңдады, ал әрбір рейс оның тәжірибесін байытып отырды.

Кәсіби шеберлігі арқасында, Айдарбек Әмзәұлы осы жылдар ішінде 500 мыңнан астам жолаушыны қауіпсіз тасымалдап, қаланың қоғамдық көлігін сенімді етуге зор үлес қосты. Әр рейсінде қауіпсіздік пен тәртіпті бірінші орынға қояды, жолаушылардың жайлылығы мен сенімділігін үнемі ойлайды. Оның жылы шырайлы мінезі мен жолаушыларға деген құрметі – әрбір сапарды жайлы әрі қауіпсіз етеді. Ол жолаушылардың сенімі мен ризашылығы еңбегінің басты бағасы деп білді.

Ол өзінің қарапайым да нақты ұстанымдарын жас мамандарға да кеңес ретінде ұсынады. Бұл туралы ол: «Шынайы еңбек етіп, тәжірибе жинақта. Әрдайым өз ісіңнің шебері болуға ұмтыл. Ал кәсіптің басты жетістігі жауапкершілік пен шеберлік», – дейді.

20 жылдық еңбек жолы, ондағы

қиындықтар Айдарбекті нағыз шебер маман ретінде шыңдады. Ол әр істі мұқият, жан-жақты қарап, сапалы орындауға ерекше мән береді. Бұл қасиеттері қоғамдық көліктің үздіксіз және сенімді жұмыс істеуінде шешуші рөл атқарады.

Айдарбек Әмзәұлы – қарапайымдылығы мен шынайылығы арқылы әріптестеріне сенім ұялатады. Оның еңбегі – адалдық пен қажырлы еңбектің, кәсіби шеберліктің және жауапкершіліктің жарқын көрінісі. Ол өз ісіне адалдықпен қарап, қоғамдық көліктің үздіксіз қызметін қамтамасыз етеді, жастарға үлгі көрсетеді, қоғамға нақты пайда әкеледі. Бұл еңбек – тек кәсіби міндетті орындау ғана емес, халыққа деген шынайы адалдық пен қажырлы еңбектің жарқын көрінісі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

МЕДИЦИНАНЫҢ КҮРДЕЛІ ЖОЛЫ

Балалар кардиохирургтары бас қосты

Алматыда балалардың жүрек ауруын емдейтін отандық мамандардың III конференциясы өтті. Кезекті басқосу «Балалар кардиохирургиясы мен кардиологиясының шыңдарын бағындыру – медицинаның күрделі жолы» деген тақырыпты көтерді.

Конференция жұмысы өзара тәжірибе алмасуға, заманауи технологияларды талқылауға және балалар кардиохирургиясы саласындағы халықаралық ынтымақтстықты дамытуға бағытталды.

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Марат Пашимов қатысушыларға қала әкімдігінің жоғары технологиялық кардиохирургияны дамытуға көрсетіп келе жатқан қолдауын және емдеудің халықаралық стандарттарын енгізудің маңыздылығын атап өтті. Ал халықаралық деңгейдегі кардиохирург, Денсаулық сақтау министрлігінің штаттан тыс бас кардиохирургі, Ұлттық ғылыми кардиохирургиялық орталықтің басқарма төрағасы Юрий Пя балалар кардиохирургиясын медицинаның басым бағыттарының бірі ретінде дамытудың маңыздылығына тоқталды. Сонымен бірге, кішкентай пациенттерге көрсетілетін көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыру үшін бірлескен күш-жігердің қажеттігін баса айтты.

Алматыдағы балалар кардиохирургиясы балаларға көрсетілетін шұғыл және жоғары мамандандырылған медициналық көмектің басым бағыттарының бірі ретінде дамып келеді. Мегаполистегі балалар кардиохирургиясының қазіргі моделі – көпсалалы тәсілге, ерте диагностикаға және жаңа туған сәбилерге қысқа мерзімде операция жасауға дайындыққа негізделген. Пренаталдық диагностика, яғни жүрек ақауларын нәресте дүниеге келмей тұрып анықтау және кешенді көмек көрсету

жоспарын алдын ала құру мәселесі барған сайын маңызды рөл атқаруда.

Мұндай тиімді жүйенің жарқын үлгісі – Алматы қаласының Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығы. Ол еліміздегі толық қызмет циклын қамтама-сыз ететін диагностикадан бастап операцияға, оңалту мен кейінгі бақылауға дейінгі кезеңдерді қамтитын жалғыз орталық. Онда кадрлық әлеуетті дамытуға ерекше назар аударылуда: мамандар шетелдің жетекші клиникаларында тұрақты түрде оқудан және тағылымдамадан өтіп, халықаралық стандарттар мен заманауи технологияларды енгізуде.

Аталған III конференция – білім мен клиникалық тәжірибе алмасудың маңызды кәсіби алаңына айналып, балалардың денсаулығы мен жарқын болашағы жолында Қазақстан мен шетел мамандарын ортақ мақсатта біріктіре алды дейді сарапшылар.



«АҚШАМНЫҢ» АНЫҚТАМАСЫ

- Елімізде жыл сайын шамамен, үш мың бала жүректің туа біткен ақауымен дүниеге келеді, олардың 350–400-і – Алматы қаласында.
- Солардың жүзден астамына операция, яғни ота жасау қажет. Оның ішінде шамамен, 75 жаңа туған нәрестеге өмірінің алғашқы күндерінде хирургиялық көмек қажет болады.
- 2011 жылдан 2024 жылға дейін қалада 2800-ден астам операция жасалды, оның 1677-сі – бір жасқа дейінгі нәресте.
- Қазіргі күні мамандар Aristotle шкаласы бойынша 15 баллға дейінгі күрделілік дәрежесіндегі операцияларды сәтті орындап, жоғары өміршеңдік және өмір сапасы көрсеткіштеріне қол жеткізуде.

«АШЫҚ ЕСІК»

СҮТ БЕЗІ ОБЫРЫ ДЕС БЕРМЕЙ ТҰР

Алматы онкология орталығында өткізілген Жалпыреспубликалық «Ашық есік» күні өз мәресіне жетті. Мұндай іс-шара Дүниежүзілік «Қызғылт ай» сүт безі қатерлі ісігі туралы хабардар болу айы шеңберінде өткен болатын. Іс-шараның мақсаты – әйелдердің онкологиялық ауруларының алдын алу мен оны ерте анықтаудың маңыздылығын насихаттау.

Акциясы аясында қалада 307 әйелге кеңес берілді. Олардың ішінде 211-і сүт бездерін ультрадыбыстық зерттеу диагностикасынан өтті. Нәтижесінде 3 әйелдің сүт безі қатерлі ісігіне шалдыққаны анықталды. Ал онкопатологияға күдікті деп танылған 13 адам тіркеуге алынды.

Алматы онкология орталығына қарасты Кеңестік-диагностикалық орталығының меңгерушісі Ақбота Әділова іс-шараның маңызын түсіндірді. Оның айтуынша, дәрігерге уақытылы жүгіну және скринингтік тексерулерден үнемі өту ауруды ерте кезеңде анықтауға мүмкіндік береді. Бұл ауруды сәтті емделу мүмкіндігін арттырады.

Мұндай іс-шаралар әйелдердің өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау дағдысын қалыптастыруға ықпал етеді дейді мамандар. Дәрігерлер ерте анықталған ауру тезірек емделетінін, әрі көп жағдайда толық емделетінін ескертеді.



Алматы онкология орталығының мәліметіне сүйенсек, биылғы алты айда анықталған обыр дертінің сатылы көрсеткіші:

– сүт безі обыры – 14,9% (395 әйел);

– колоректалды;

– өкпенің;

– қуық асты безінің қатерлі ісігі.

ЗАМАНАУИ ИННОВАЦИЯ

АЛМАТЫДА АЛҒАШ РЕТ балаларға күрделі ортопедиялық оталар жасалды

Алматыдағы №2 қалалық клиникалық балалар ауруханасы емдеу процесіне жаңа үрдістерді тұрақты түрде енгізіп келеді. Жуырда аурухана базасында балалар ортопедиясы бағытында өткен халықаралық шеберлік сабағы осы сөзімізге дәлел.

Отандық дәрігерлердің біліктілігін арттыруға бағытталған шеберлік сабағы «Жамбас буынының жүре пайда болған және туа бітті кемістіктеріне жасалатын реконструкциялық оталар» деп аталды. Оған балалар ортопедиясы саласындағы жетекші маман – профессор, медицина ғылымдарының докторы Шенол Бекмез (LIV Hospital клиникасы, Түркия) қатысты.

«Осы іс-шарада елімізде алғаш рет қимыл-тірек жүйесінің ауыр кемістіктеріне шалдыққан балаларға бірегей оталар жасалды. Білікті маман сүйекке күрделі реконструкциялық операцияны қажет ететін алты балаға ота жасады. Оған қоса, профессор 30-ға жуық кішкентай пациентке ортопедиялық кемістіктерге қатысты жеке консультация берді», – деп атап өтті №2 ҚКБА директоры Марат Рабандияров.

Шеберлік сабағы барысында отандық медицина ұйымдарында еңбек ететін 10 дәрігер-ортопед, травматолог және хирург маман түркиялық процессордан дәріс алды. Олар іште жатқанда жамбасы шығып кеткен, ұршық некрозы, туа бітті жамбас кемістігі сынды дерттерге шалдыққан балаларға көмек көрсетуге бағытталған заманауи хирургиялық техникаларды меңгерді. Осылайша бұл іс-шара ауыр дерттерге шалдыққан балаларға операция жасауға мүмкіндік беріп қана қоймай, отандық мамандардың біліктілігін арттыруға көмектесті.

Жамбас ұршығы еріп кеткен

Аурухананың Травматология бөлімшесі меңгерушісі Ерлан Садырбаалиннің айтуынша, науқастардың біріне



нәбәрі 1 жас 8 ай. Ұршықтың септикалық артриті және эпифизиарлы остеомиелитімен ауырған бүлдіршін жамбасының мойыны мен ұршығы толығымен еріп кеткен. Профессор Шенол Бекмез №2 аурухана травматологиямен бірлесіп бірегей ота жасап, ұршықты қайта жасап шықты. Қазақстанда алғаш рет өткен операция сәтті болды, қазір баланың жағдайы қалыпты.

реттеуге бағытталған хирургиялық манипуляция жасалды. Бұл да біздің елімізде тұңғыш рет жасалып отырған отаның бірі.

Аяғының асықты жілігі жоқ

Ал 9 жастағы пациент анасынан туғанда оң жақ аяғының асықты жілігі болмаған және табан пішіні толық өзгеріске ұшыраған. Ұл баланың аяғына елімізде алғаш рет «Орто-СУВ» деп аталатын инновациялық аппарат орнатылды. Математикалық гексапод компьютерлік есептің көмегімен аяқ кемістігін асқан дәлдікпен үлгілеп, коррекция жасауға мүмкіндік береді.

Айта кетейік, күрделі бірегей оталардың бәрі МӘМС қаражаты есебінен жасалды.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШ.

АКЦИЯ

ҚАН ТАМШЫСЫ – ӨМІР ЖАРШЫСЫ

Алматылық дәрігерлер донорлық эстафетаны жалғастырды

Қаладағы №4 қалалық клиникалық аурухана-сының 60 қызметкері «Өмірге үміт сыйла» қайырымдылық акциясы аясында донор болып, қан тапсырды.

Науқанға қатысқан дәрігерлер, медбикелер және әкімшілік бөлім қызметкерлерінен барлығы 30 литрден астам қан және оның компоненттері жиналды. Қан ауыр жарат алған, анемия, отадан кейінгі асқыну және донорлық көмекті қажет ететін өзге де жағдаймен күресіп жатқан науқастарды аман алып қалуға бағытталатын болады.



«Біз үшін донор болу – жәй ғана рәсім емес, кәсіби әрі адами борышымыздың көрінісі. Әрқайсымыз сын сағатта өмірмен күресіп жатқан ауыр науқас үшін бір тамшы қанның қаншалықты маңызды екенін жақсы түсінеміз», – дейді Пациенттерді қолдау және ішкі аудит қызметінің жетекшісі Диас Дәулетбаев.

Қан тапсырар алдында барлық қатысушы терапевтің қабылдауында болып, қан қысымын өлшегіп, зертханалық тексеруден өтті. Іс-шара Алматы қалалық Қан орталығы мамандарының бақылауымен ұйымдастырылды. №4 қалалық клиникалық ауруханада мұндай іс-шараны өткізу дәстүрге айналған. Клиника басшылығының айтуынша, ұжымдық донорлық өзара қолдау мәдениетін қалыптастырып, әрбір адамның өмірді құтқаруға үлес қосып жатқанын білдіреді.



БАСПАСӨЗ – 2026

ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырмандар!

2026 жылға баспасөзге жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ұтысқа түседі!

Байқауға қалай қатысуға болады?

2026 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет!

2025 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp-нөміріне 8 707 766 80 00 немесе alatauqparat@gmail.com электронды мекенжайына жолдау қажет.

Редакция мекенжайы: 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 бөлме, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.

Қай жерде жазылуға болады?

Барлық почта бөлімшелерінде «Казпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС жазылуға болады.

2026 ЖЫЛҒА БІР ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

Жеке жазылушылар үшін (жазылу индексі 65503) – 10031,52 теңге.
Жеңілдікпен ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін (жазылу индексі 95503) – 7391,52 теңге.

Тек қана бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді.

Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

Құрметті жазылушылар, сәттілік тілейміз!

Анықтама бойынша: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 29 қазандағы № 4/675-1312 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес және «Алматы қаласы Медеу ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 12 наурыздағы №26.1-26.06/515-ІІ хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Ортақ пайдалану объектісі үшін (жаңа қоғамдық кеңістіктер құру және аумақты абаттандыру), Алматы қаласының Медеу ауданы, Пушкин көшесі, 99, 1 Т, 1/5, 1Б учаскелері мекенжайында орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктен осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иелері жүргінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 603-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Медеу ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1.	«Аслан» жауапкершілігі шектеулі серіктестірі	20-315-047-368	Медеу ауданы, 99 учаске	0,0248
2.	«Аслан» жауапкершілігі шектеулі серіктестірі	20-315-047-370	Пушкин көшесі, 1 Г учаске	0,0147
3.	«Аслан» жауапкершілігі шектеулі серіктестірі	20-315-047-216	Пушкин көшесі, 1 Б учаске	0,0174
4.	«begemot almaty» жауапкершілігі шектеулі серіктестірі	20-315-047-456	Пушкин көшесі, 1/5 учаске	0,0022

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 29 қазандағы
№ 4/675-1312 қаулысына қосымша

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 29 қазандағы № 4/675-1313 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Құрылыс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 12 қыркүйектегі №47.1-47.06/1389-ІІ хатының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Ортақ пайдалану объектілерін (машина залы және жузу бассейні) салу үшін, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Керей-Жәнібек хандар көшесінде орналасқан 3 (үш) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иелері жүргінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 605-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Құрылыс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1.	«Алатау Холдинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20:315:913:006	Керей-Жәнібек хандар көшесі, 578-үй	0,0803
2.	«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі (Алматы қаласы)» мемлекеттік мекемесі	20:315:913:112	Керей-Жәнібек хандар көшесі, 461/1 үйі	0,2919
3.	«Chimbulak Development» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20:315:913:063	Керей-Жәнібек хандар көшесі, 463/3 учаскесі	3,0408

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 29 қазандағы
№ 4/675-1313 қаулысына қосымша

ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен «Заң кеңесі» жобасы аясында мемлекеттік және орыс тілдерінде тегін қызмет көрсететін орталық пен 8 777 890 89 00 «жедел желі» жұмысы іске қосылды. Орталықтың мекенжайы: Алматы қ., Нүсіпбеков к-сі, 32, 1-қабат, 106-кеңсе.

Алмалы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы, «Қазақстан Республикасының Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексіне (Салық кодексі) өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты келесіні хабарлайды

Салық кодексінің 633-бабының 1-тармағына сәйкес (2025 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), егер осы тармақтың екінші бөлігінде өзгеше көзделмесе, табыс пен мүлік туралы декларацияны (СЕН 270.00) келесі шарттардың біріне сәйкес келетін Қазақстан Республикасының азаматтары, яғни жеке тұлғалар – резиденттер, есепті салық кезеңі ішінде ұсынуға тиіс:

- «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес табыс пен мүлік туралы декларация тапсыру міндеті жүктелген тұлғалар;
- Қазақстан Республикасының «Банктер және банк қызметі туралы», «Сақтандыру қызметі туралы», «Бағалы қағаздар нарығы туралы» заңдарына сәйкес банктің ірі қатысушылары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, инвестициялық

портфельді басқарушылардың ірі қатысушылары, сондай-ақ олардың резидент жұбайлары;

3. жарғылық капиталдағы (акционерлік қоғамдардағы акциялардың) 10 пайыздан астам үлеске ие заңды тұлғалардың басшылары, құрылтайшылары (қатысушылары), сондай-ақ олардың резидент жұбайлары, коммерциялық емес ұйымдардың құрылтайшылары (қатысушылары) ерекшелік болып табылады;
4. жеке тәжірибемен айналысатын тұлғалар;
5. есепті салық кезеңінде жеке тұлғаның өзі салық төлеуге тиіс табыс алған тұлғалар (кәсіпкерлік қызметтен түскен табыстардан басқа);
6. есепті салық кезеңінің 31 желтоқсанына шетелдік банктерде орналасқан банк шоттарында қаражатының жалпы сомасы айлық есептік көрсеткіштің 1000 еселенген мөлшерінен асатын тұлғалар;
7. есепті салық кезеңінің 31 желтоқсанына шетел мемлекетінің заңнамасына сәйкес мемлекеттік немесе өзге де тіркеуге жататын мүлікті иеленген тұлғалар;
8. есепті салық кезеңінің 31 желтоқсанына цифрлық активтерге иелік ететін тұлғалар;

9. есепті салық кезеңі ішінде айлық есептік көрсеткіштің 20 000 еселенген мөлшерінен асатын құны бар мүлікті Қазақстан Республикасында және (немесе) оның шегінен тыс жерде сатып алған тұлғалар:

- мемлекеттік немесе өзге де тіркеуге жататын жылжымайтын мүлік;
- мемлекеттік тіркеуге жататын механикалық көлік құралдары мен тіркемелер;
- заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы үлестер;
- бағалы қағаздар;
- туынды қаржы құралдары (негізгі активті сатып алу немесе өткізу арқылы орындалатындардан басқа);
- тұрғын үй құрылысына қатысу үлестері;
- инвестициялық алтын.

Декларация есепті күнтізбелік жылдан кейінгі жылдың 15 қыркүйегінен кешіктірілмей тұрғылықты (болу) жері бойынша тапсырылады.

Ж.КУРБАНОВА,
Алмалы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы өндірістік емес төлемдер бөлімінің бас маманы.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактордың міндетін уақытша атқарушы –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.

E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сөйсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 13 260 дана (жұма)

Кезекші редактор – Аяжан ҚУАНЫШОВА

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

БӘРЕКЕЛДІ!

«ЖҮРЕК АРҚАЛАҒАН КУРЬЕР»

Бразилиядағы байқауда әріптесіміз топ жарды

Қазақ карикатура саласының жаңа белеске көтерілуіне атсалысып жүрген отандық карикатурашыларымыз ат төбеліндей ғана. Солардың бірі – өзіміздің «Alatau Aqparat» медиахолдингінің қызметкері Ғалым Смағұлұлы Бразилияда өткен карикатурашылар байқауында жүлдегер атанды.



байқаймыз. Әрине, донор дорбамен тасымалданбайды. Бірақ юмордың астарында өмірдің шындығы, өзге-ге ғұмыр сыйлауға асыққан жигіттің жанкешті еңбегі жатыр.

Бразилия байқауы өнер арқылы донорлық тақырыбын қозғағандықтан әлеуметтік пікір қалыптастыруда жақсы платформа болары анық. Бұл әдетте медициналық трансплантация саласындағы ресми рейтингтер немесе клиникалық көрсеткіштерге тікелей әсер етпейді, бірақ қоғамды осы тақырыптан хабардар етіп, мәдени өзгеріске үлес қосады деп санайды сарапшылар.

Айтпақшы, әріптесіміз осыдан бір апта бұрын ғана Стамбулда өткен 16-шы халықаралық туристік карикатурашылар байқауының Kerem Köfteoglu сыйлығын иеленген болатын. Еңбектің бағаланғаны да бір ғанибет!

– Ой мен сезімді сурет арқылы жеткіземін. Маған жақын тақырыптар – әлеуметтік әділетсіздік, саяси оқиғалар, еркіндік, тіл мәселесі, қарапайым халықтың жағдайы. Көпшілік үшін карикатура – жәй әзіл немесе газет-журналдың қосымшасы сияқты қабылданады. Ал шын мәнінде, карикатура – қоғамның тамырын басып, шындықты ашық көрсететін көркем өнердің бір түрі, – дейді жүлдегер Ғалым Смағұлұлы.

гуманистік және медициналық донор тақырыбын көтерген. Оған 43 мемлекеттен кәсіби және әуесқой 200-ге тарта суретші қатысқан.

Олардың юмормен, графикалық өнер арқылы ұсынылған шығармалары адам өмірін сақтап қалудың құндылығын паш етеді. Яғни бұл байқау «донор болу»

мәдениетін сурет өнері арқылы жаһандық деңгейде насихаттауды көздеген көрінеді.

Бразилия байқауының «Таңдаулы карикатурашылар» тізіміне енген Ғалым Смағұлұлының жүлделі шығармасында курьердің арқасына асынған сөмкесіндегі жүректі соған зәру жанға жедел жеткізуге жанұшыра асығып бара жатқанын

«БАУЫРСАҚ FEST– 2025»

Алматы қаласында «Бауырсақ Fest – 2025» республикалық фестивалі өтті. Халықаралық аспаздар күні қарсаңында әрі «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында өткен іс-шара қалалық Білім басқармасына қарасты «Алматы технологиялық колледжі» базасында ұйымдастырылды.

ДӘСТҮР МЕН КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК ТОҒЫСТЫ

аспаздық өнері ғасырлардан келе жатқан ұлттық дәстүрге бай. Қазақ дастарханы қашан да өзіндік ерекшелігімен, дәмімен танымал. Халқымызбен дәмдес болған саяхатшылар ұлттық тағамдарды нәрлі және дәмді, қарапайым және талғампаз, тағамдардың әртүрлілігі мен сирек үйлесімімен, сондай-ақ ұзақ уақыт бойы есте қалған қонақжайлылығын таңдана еске алады.

Классикалық «Бауырсақ», «Ши бауырсақ», авторлық «Бауырсақ» және «Арт-үстел» аталымдарынан тұрған фестиваль барысында концерттік бағдарлама ұсынылды. Қатысушыларды кәсіби наубайхана және кондитерлік технологтардан тұратын құзыретті қазылар алқасы бағалады.



– «Бауырсақ Fest» жылдан-жылға өркендеп келе жатыр. Бастапқыда 6 топ ғана бақ сынасқан байқауға қазір 6 өңірден, Алматының 4 колледжінен қатысушылар келді. Бұл – дәстүрді жалғастырудың айқын көрінісі.

Авторлық «Бауырсақ» – әр қатысушының дербес әрі өз ойынан дайындалатын өнім. Ал «Арт-үстелде» көрнекілікке баса назар аударылады. Бағалау кезінде ыдыстарға, дайындалған өнімдерге, тазалыққа, тақырыпқа сәйкестілігіне, бауырсақтың құрамына, піскен кездегі күйіне, пішініне назар саламыз. Қатысушылар жүлделі орындардан бөлек түрлі аталым бойынша марапатталады, – деді «Qulrpnai» кондитерлік үйінің бөлім меңгерушісі Эльмира Дарыбаева.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Набира ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ, «Прогресс» политехникалық колледжінің шебері:

– Бауырсақ – қазақтың ата-бабадан келе жатқан ұлттық тағамы. Сондықтан «Бауырсақ Fest» атты фестивальдің ұйымдастырылуын құптаймын. Ұлттық ойындарымыз бен ұлттық тағамдарымыз кеңінен насихатталғанын қалаймын. Өйткені, дәстүріміз Қазақстанның дамуына, жастардың өркендеуіне жол ашады. Фестивальге екінші рет қатыстық. Былтыр да аталмыш байқау өз деңгейіне сәйкес әділ өтті. Нан өнімдерін түрлендіргеніміздің арқасында «Арт-үстеліміз» екінші орынды иемденді. Ұйымдастырушыларға шексіз алғыс айтамын.

Салтанат БОТАБЕКҚЫЗЫ, байқауға қатысушы:

– Жамбыл облысы әкімдігі Білім басқармасының «№3 Байзақ колледжінен» 4 қатысушы келдік. Байқауға бауырсақ пісіретін арнайы тамақтандыруды ұйымдастыру мамандығының өндірістік оқыту шеберлері қатысты. Бойда қобалжу болғанымен, барынша дайындалдық.

